


**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
«Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**



**«Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Тараз 2024 жыл

**«Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Тараз қаласы

«02» желтоқсан 2024 жыл

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы:

1) Білім беру ұйымының толық атауы:

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы):

Заңды мекенжайы: 080000 Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай даңғылы 90.

Нақты орналасқан жерінің мекенжайы: 080000 Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Абай даңғылы 90.

2) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт):

телефон: 8(7262) 45-21-23

электрондық пошта: bilimcollege@mail.kz

web-сайт: bilim-taraz.rka.kz

3) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрық (қосымша 1):

Колледж директоры: Ертаева Жанат Акебаевна

Құрылтай жиналысының шешімі бойынша №92 2011 ж. 01 қыркүйегінің жұмысқа тағайындау туралы бұйрығы.

4) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны және жарғыны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтама/куәлік):

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, 28 қаңтар 2016 жылғы, БСН 030840003385, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 26 тамыз 2003 ж. (қосымша 2)

Колледж Жарғысы 2016 жылғы 26 қаңтар Құрылтайшының шешімімен бекітілген. (қосымша 3)

5) Рұқсат етуші құжаттар:

Лицензия: Құжаттың бірегей № 18009528,

Нөмірі: 0048310, 14.05.2018ж.

Қосымша: 003.

Лицензияны қолдану мерзімі – шектелмеген. (қосымша 4)

Білім беру іс-әрекетін жүргізуге құқықты растайтын лицензияға сәйкес жүзеге асыратын мамандықтар және біліктіліктер тізімі

№	Шифр	Кадрларды даярлау бағыттарының атауы	Оқу мерзімі
1	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	1 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай, 10 ай, 3 жыл 10 ай
	4S07161304	Техник-механик	
2	06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай, 1 жыл 10 ай, 10 ай
	4S06130103	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы	
3	04120100	Банк және сақтандыру ісі	1 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай, 10 ай
	4S04120103	Банк операциялары жөніндегі менеджер	
4	01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	3 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай, 10 ай, 1 жыл 10 ай
	4S01140101	Бастауыш білім беру мұғалімі	
5	04210100	Құқықтану	1 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай, 10 ай
	4S04210101	Заңгер	
6	07140900	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	1 жыл 10 ай, 2 жыл 10 ай, 10 ай
	4S07140902	Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі	
7	07140500	Сандық техника (түрлері бойынша)	2 жыл 10 ай, 3 жыл 10 ай, 1 жыл 10 ай, 10 ай
	4S07140504	Техник-электронщик	

1.1. Колледждің құрылымы және материалдық –техникалық базасы

Колледждің білім беру қызметін жүзеге асыру үшін жеткілікті оқу-материалдық және техникалық базасы бар.

Колледжде оқу үрдісі Абай көшесі № 90 ғимаратында жүзеге асырылады. Оқу орнының ғимаратының жалпы алаңы 1200 шаршы метр. Кірпіштен салынған. Ғимарат түрі – ыңғайландырылған, күрделі жұмысты қажет етпейді. Негізгі тип- оқу ғимараты. Салыну жылы-1978 жыл. Жобалық қуаты 700 адам. Колледждің ғимараты санитарлық ережеге және техникалық қауіпсіздік нормасына сай.

Колледждің қызметі миссия мен мақсаттарды іске асыруға бағынады, ал ол өз кезегінде жеткілікті материалдық ресурстарсыз мүмкін емес. Осыған байланысты колледждің инновациялық стратегиясын жүзеге асыруға ықпал ететін тұрақты материалдық-техникалық базаны құру бірінші орында тұрады.

Колледждің оқу материалдық-техникалық базасы - бұл ТЖКБ ұйымдарының студенттерін даярлауды қамтамасыз етуге арналған оқу нысандарының, материалдық және техникалық құралдардың жиынтығы. Оқу МТБ колледждің құрамдас бөлігі болып табылады, қажетті техникалық жабдықталуы және оқу үрдісінің жоғары қарқындылығы кезінде студенттердің кәсіби дайындығының міндеттеріне жауап беруі тиіс.

Колледждің материалдық-техникалық базасы, оны пайдалану және оқу жабдықтарымен, ресурстармен қамтамасыз ету тәртібі ҚР МЖМБС талаптарына, «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелеріне» сәйкес келеді.

Материалдық-техникалық базаны тиімді пайдалану, мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін тиісті жағдайда ұстау білім беру саласындағы нормативтік талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету тиімді және нәтижелі жоспарлау және колледждің мақсаттары мен міндеттерін қанағаттандыру үшін инфрақұрылымның жарамдылығын мерзімді бағалау негізінде жүргізіледі. Инфрақұрылымды басқару директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары және колледждің бас бухгалтері басшылығымен құжатталған рәсімге сәйкес жүзеге асырылады.

Барлық оқу кабинеттері жиынтықтаушы интерактивті жабдықтармен (компьютерлермен, қажетті шкафтармен, стендтермен, жиһазбен, сонымен қатар оқытушының жеке компьютерімен) жабдықталған.

Кабинеттерде оқу үрдісін жүйелеу бойынша төлқұжаттары, оларда жұмыс оқу бағдарламалары, күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар, оқу-көрнекі құралдар, дидактикалық және тарату материалдары, зертханалық-тәжірибелік жұмыстарды жүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар, емтихан материалдарының, бақылау жұмыстарының жиынтығы, дипломдық және курстық жобаларды, тест тапсырмаларын орындауға арналған әдістемелік нұсқаулар бар.

Колледжде қолданылатын компьютерлердің жалпы саны – 74, дербес

компьютер - 49 дана, ноутбук - 25 дана, оқу үрдісіне қолданылатыны - 44 дербес компьютер интернет желісіне қосылған, әкімшілікке - 15, оқытушыларға - 15 ноутбуктермен қамтамасыз етілген.

Арнайы пәндер кабинеттері - 19, Жалпы білім беру кабинеттері - 17, компьютерлік кабинет - 2, зертхана кабинеті - 2, шеберханалар - 2 жұмыс жасайды. Арнайы және жалпы пәндер кабинеттері, зертханалар, шеберханалар технологиялық жабдықтармен, макеттермен, көрнекі құралдармен, қажетті әдістемелік әзірлемелер жиынтығымен, жеке тапсырмалардың баяндамаларымен жабдықталған.

Оқу кабинеттері мен зертханалар, шеберханалар бекітілген талаптар бойынша «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы сәйкес жасалынған.

2022-2023 оқу жылында 1 проектор және 10 компьютермен толықтырылды.

Колледжде интерактивті тақта-3, проекторы бар ноутбук-3, құлаққап-12, 2 компьютерлік кабинет мультимедиялық құралдармен жабдықталған.

Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камералары орнатылған. 2022-2023 оқу жылы -12 бейнебақылау камералары орнатылды. Олар колледж ғимаратының ішкі бөлігін және ғимарат сыртын түсіреді. Барлық бейнежазбалардың сақталу мерзімі 30 күн.

Қазіргі уақытта білім беру үрдісін компьютерлік жабдықтармен және ақпараттық қамтамасыз ету құралдарымен жабдықтау қазіргі заманға сай келеді.

Компьютерлік техникамен және оқу үрдісін ақпараттық қамтамасыз ету құралдарымен жарақтандыру қазіргі заманғы талаптарға жауап береді.

Жыл сайын компьютерлік базаны, бағдарламалық қамтамасыз етуді жаңартуға айтарлықтай қаражат бөлінеді.

Колледжде 36 орындық буфет бар. Ол Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» 19.03.2015 жылғы № 234 бұйрығының қорытындысы бойынша санитарлық ережелерге сәйкес, 23.07.2018 ж. № Н.11.Н.KZ83VBS00115525 Санитарлық – эпидемиологиялық қорытындысы негізінде жұмыс жасайды.

Колледжде дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету үшін медициналық кабинет жұмыс жасайды. Кабинет қажетті медициналық құрал- жабдықтармен жабдықталған. Медициналық қызметкер әр түрлі аурулардың алдын алу жұмыстарын жүргізеді, білім алушылардың, оқытушылардың медициналық тексеруден өтуін бақылайды, диспансерлік науқастарды тіркеуді жүргізеді.

Медициналық қызмет өз жұмысын мақсатты түрде, бекітілген жоспарға сәйкес, білім беру үрдісінің барлық қатысушылары мен құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, ҚР заңнамасымен регламенттелген өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау саласындағы

мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарына сүйене отырып жүзеге асырылады.

Колледжде 1 спорт зал және спорт алаңы бар. Спорт залдың алаңы- 270 шаршы метр, ал спорттық алаңның көлемі - 970 шаршы метр.

Спорт кешені мыналарды қамтиды:

Санитарлық нормалар мен өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес спорт залында:

- шешінетін орындар;
- душ (ұлдар мен қыздар үшін бөлек);
- дәретхана бөлмелері;
- өрт сөндіру құралдары (өрт сөндіргіштер).

Ғимараттың әр қабатында ерлер мен әйелдерге бөлек әжетхана жасалған.

Колледж ғимаратында мүгедектерге қол жетімділік қамтамасыз етілген: ғимаратқа арнайы кіру көрсеткіштері, сырғанауға қарсы жабын, екі жағынан тұтқалар, бұрылу алаңдары-пандустар, есіктері екі қырлы, бедерлі (тактильді) жолақ бар, сантораптарда раковиналар мен унитаздың жанындағы аймақ жабдықталған.

2023-2024 оқу жылы 45 адам қызмет істейді. Оның ішінде:

- Әкімшілік қызметкерлер - 9
- Оқытушылар - 18
- Оқу –өндірістік шеберлер - 5
- Қоса атқару бойынша - 8
- Шаруашылық қызметкерлері - 5

1.2. Оқытушылардың сандық және сапалық құрамы

Колледждегі педагог қызметкерлердің 2023-2024 оқу жылындағы саны 37 адамды құрайды. Оның ішінде: жоғары санатты – 6; бірінші санатты – 2; екінші санатты – 7; педагог-зерттеуші -1; педагог-сарапшы - 1; педагог-модератор – 1; санаты жоқ – 19, магистрлер – 8; ғылым кандидаты, доцент - 1.

Біліктілік санаты бойынша жоғары санатты, бірінші санатты, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы және магистрлер, ғылым кандидаттарының үлесі – 51 % ды құрайды.

2023-2024 оқу жылындағы сандық және сапалық құрамының көрсеткіштері

жалпы педагог саны	жоғары санатты, педагог-зерттеуші	пайыз	бірінші санатты, педагог-сарапшы	пайыз	екінші санатты, педагог-модератор	пайыз	санаты жоқ	пайыз
37	7	19%	3	8%	8	22%	19	51



2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өтуге өтініш берген педагогтар туралы мәлімет

№	Педагогтың аты-жөні	Өтініш берген санаты
1	Акшалова Динара Жартыбаевна	педагог-сарапшы
2	Акибаева Анар Орынбасаровна	педагог-модератор
3	Рысқұлбеков Қайрат Рәпілбекұлы	педагог-сарапшы
4	Жаксылыкова Айнур Абдыкадыровна	педагог-зерттеуші
5	Сатыбалдиева Жулдыз Кенесбековна	педагог-зерттеуші
6	Акишов Еркегали Мусаулы	педагог-модератор
7	Әзімхан Асхат Әзімханұлы	педагог-модератор
8	Ибрашева Айнаш Раймбековна	педагог-модератор
10	Құмарқұлова Айдана Шоханқызы	педагог-модератор
11	Жәкүда Балжан Талғатқызы	педагог-модератор
12	Ибрашева Айнаш Раймбековна	үшінші санатты басшы орынбасары

2. ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

2.2. Әдістемелік жұмыстар

Колледжде білім алушыларды қабылдау «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы және ақылы негізде жүргізіледі.

Колледжде оқу қазақ және орыс тілдерінде, күндізгі және сырттай түрде жүргізіледі.

2023-2024 оқу жылында

Күндізгі оқу бөлімінде 35 оқу тобы

Сырттай оқу бөлімінде 3 оқу тобы

2023-2024 оқу жылының басында, яғни 2023 жылдың 1 қазанына күндізгі бөлім бойынша білім алушы саны – 698, оның ішінде 9-сынып негізінде-559 , 11-сынып негізінде - 139 білімгер

№	Көрсеткіш атауы	Барлығы	9 сынып	11 сынып
1	Оқу жылы басына білім алушылар саны	698	559	139
2	ер жынысты	366	311	55
3	әйел жынысты	332	248	84
4	Қабылданды	203	152	51
5	ер жынысты	127	103	24
6	әйел жынысты	76	49	27
7	Өткен оқу жылы ішінде келгені	117	91	26
8	ер жынысты	35	15	20
9	әйел жынысты	82	76	6
10	Өткен оқу жылы ішінде кеткені	51	30	21
11	ер жынысты	43	26	17
12	әйел жынысты	8	4	4
13	Бітірген оқушылар	312	282	30
14	ер жынысты	99	88	11
15	әйел жынысты	213	194	19

Мемлекеттік тапсырыс негізінде 9-сынып – 322 білім алушылар, ақылы негізінде 9-сынып-237, ақылы негізінде 11-сынып – 139

Көрсеткіш атауы	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс	Барлығы
9 сынып	152	176	140	91	559
11 сынып		51	48	40	139
Барлығы	152	227	188	131	698

Сырттай оқу бөлімі бойынша көрсеткіштер

1	Оқу жылы басына оқушылар саны	110
2	ер жынысты	93
3	әйел жынысты	17
4	Қабылданды	10
5	ер жынысты	10
6	әйел жынысты	-
7	Өткен оқу жылы ішінде келгені	32
8	ер жынысты	28

9	әйел жынысты	4
10	Өткен оқу жылы ішінде кеткені	8
11	ер жынысты	6
12	әйел жынысты	2
13	Бітірген оқушылар	17
14	ер жынысты	17
15	әйел жынысты	-

2023-2024 оқу жылы
01.09.2024 ж жағдайына мамандық бойынша контингент

р/с	Мамандық атауы	1-курс	2-курс	3-курс	4-курс	Барлығы
1	01140100-"Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі"	24	45	61	94	224
2	04120100-"Банк және сақтандыру ісі"	-	9	18	-	27
3	04210100-"Құқықтану"	-	17	32		49
4	06130100-"Бағдарламалық қамтамасыз ету(түрлері" бойынша)	47	65	41	22	175
5	07140500-"Сандық техника" (түрлері бойынша)	36	31	21	-	88
6	07140900 "Радиотехника,электроника және телекоммуникациялар"	25	29	-	-	54
7	07161300- "Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану"	20	31	15	15	81
	Жалпы контингент	152	227	188	131	698

Сырттай бөлім

р/с	Мамандық атауы	2-курс	3-курс	4-курс	Барлығы
1	07161300- Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	10	28	30	68
2	1304000-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	-	-	42	42
	Барлығы:	10	28	72	110

Үлгерімді ағымдағы бақылау кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері 100 балдық шкала бойынша рейтингтік баллдармен бағаланады. Білім алушы пән/модуль бойынша емтиханға жіберу рейтингісінің бағасы 50

балдан кем болмаған жағдайда ғана жіберіледі. Оқытушылар күн сайын оқу үрдісі мен сабақ кестесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын ұстау үшін педагогикалық қызметкерлерге қажетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №130 бұйрығына сәйкес теориялық және өндірістік оқыту журналдарын толтырады. Білім алушылардың білімін бағалау критерийлері туралы хабардар болуы оқу үлгеріміне ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізу Ережелерімен танысу арқылы жүзеге асырылады. Оқытушылар пәндерді оқытуға кіріспес бұрын білім алушыларды оқудағы талаптармен, емтихан тапсыру және қайта тапсыру ережелерімен таныстырады. Пәндер бойынша ағымдық бақылау оларда тәжірибелік және семинар сабақтары болмаған жағдайда оқытушының оқу жоспарында көзделген міндетті бақылау жұмыстарын тексеру арқылы жүзеге асырылады.

Есептегі кезеңдегі оқу жылдары білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 Бұйрығымен бекітілген үлгілік қағидалар негізінде жүзеге асырылды. Оқыту нәтижелерінің жетістіктерін бағалау әр түрлі бақылау түрлерімен жүргізіледі: үлгерімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау.

Ағымды, аралық, қорытынды аттестация жүргізілетін пәндер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарларымен, ал олардың өткізілу мерзімі оқу жылының басында оқу үрдісінің кестесімен анықталып, колледж басшысымен бекітіледі.

Аралық аттестация материалдары пән оқытушыларымен әзірленіп, ПЦҚ отырысында қаралып бекітілді. Директордың оқу ісі жөнінде орынбасарымен бекітілген емтихан материалдары аттестация кезінде пайдаланылды. Бақылау жұмыстары, сынақтар және курстық жобалар (жұмыстар) пәнді, соның ішінде модульге біріктірілген пәнді оқуға бөлінген оқу уақыты есебінен, емтихандар – аралық немесе қорытынды аттестаттауға бөлінген мерзімде өткізіледі. Барлық пәндер бойынша аралық аттестаттау көзделген, оның негізгі түрі емтихан болып табылады.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша аралық аттестаттау: қазақ тілінде оқытатын топтар үшін қазақ тілі, орыс тілі және әдебиеті; орыс тілінде оқытатын топтар үшін орыс тілі, қазақ тілі және әдебиеті; Қазақстан тарихы, математика және тереңдетілген деңгейдегі пән бойынша емтихандар өткізіледі..

Жалпы білім беретін пәндер бойынша емтихандар «Жалпы білім беретін пәндер» модуліне бөлінген кредиттер/сағаттар есебінен өткізіледі.

Біліктілік емтихандары әрбір біліктілік бойынша практикалық жұмыс

немесе демонстрациялық емтихан нысанында оқу-өндірістік шеберханаларда, зертханаларда және оқу орталықтарда және/немесе кәсіпорындардың өндірістік алаңдарында өткізіледі.

Емтихан нысанында аралық аттестаттаудан өткізу үшін тест тапсырмалары, емтихан кезінде пайдалануға рұқсат берілген көрнекі құралдар, нормативтік құжаттар мен техника үлгілері, оқу және технологиялық карталар, спорт залдары пайдаланылды.

Аралық аттестаттауды өткізу кезінде тапсырмаларды орындау үшін жазбаша емтихан жұмыстары білім беру ұйымының мөртабаны қойылған қағаздарда орындалды.


2023-2024 оқу жылы қабылданған білім алушылардың білімін бағалау Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгі қағидаларының қосымшалары негізінде 4 балдық шкала бойынша тиісті цифрлық эквиваленті бар халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге (оң бағалар, кемуіне қарай, "А"-дан "D"-ға дейін, "қанағаттанарлықсыз" - "F") сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша бағаланды.

Белгіленген курстағы оқу жоспарының талаптарын толықтай орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын табысты тапсырған білім алушылар келесі курсқа колледж басшысының бұйрығымен көшірілді.

Колледждің 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша оқу үлгерімі мен білім сапасының көрсеткіші төмендегідей: 2023 -2024 оқу жылының оқу үлгерімі көрсеткіші 100 пайызды, білім сапасының көрсеткіші 87 пайыз және орта ұпай 3,9 құрады.

Колледж бойынша үлгерімі мен білім сапасының нәтижелері

Оқу жылы	Барлық білім алушылар	Үздік	Екпінді	Білім сапасы%	Үлгерім %	Орта ұпай
2023-2024	698	37	570	87	100	3,9



Түлектердің жұмысқа орналасуы туралы мәлімет
2023-2024 оқу жылы

«Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі кәсіпорындармен (ұйымдармен) келісім бойынша кәсіптік практика туралы құжаттар әзірлейді.

1. Мекеме мен колледж арасында екі жақты келісім шарт түзіледі.
2. Мекеме мен колледж, білім алушы арасында келісім шарт түзіледі
3. Дуальды оқыту жүйесі бойынша 3 жақты келісімшарт жасалады

Колледжде дуальды оқыту жүйесінде оқыту «Дуальды оқыту ережесі» негізінде жүзеге асырылып, студенттердің төмендегі міндетті құжаттары тапсырылуымен жүргізілді:

- ✓ Студенттің өтініші;
- ✓ Ата-анасының өтініші;
- ✓ Жеке куәлігің көшірмесі;
- ✓ Ата-анасының куәлігінің көшірмесі;
- ✓ Дуальды оқыту туралы 3 жақты келісімшарт.

2) мамандық бойынша білім беру ұйымының түлектерін жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту туралы мәліметтер, бұл ретте бітірген жылы ішінде мамандық бойынша түлектердің жалпы санынан жұмысқа орналастырылғандар мен жұмыспен қамтылғандардың үлесі:

Кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі көрсеткіші- оның түлектерінің талап етілуі, олардың біліктілік деңгейі, еңбек нарығының қажеттіліктеріне және жұмыс берушілердің нақты сұраныстарына сәйкестігі. Шығарылатын кадрлардың деңгейі қазіргі жұмыс беруші мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес болуы үшін колледж кәсіпорындармен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Бітірушілерді жұмысқа орналастыру бойынша жұмысты жоспарлау кезінде: бітірушілердің сапалық құрамы, жұмысқа орналастыру процесін іске асыру бойынша сыртқы және ішкі тұтынушылардан келіп түскен ұсыныстары ескеріледі.

Жұмысқа орналастыру жөніндегі жұмыс жоспарында мынадай іс- шаралар көзделеді:

- бітіретін мамандарға белсенді ұйымдарды іздеу;
- студенттерді жұмысқа орналастыру үшін ұйымдарға практикаға өтуге жәрдемдесу;
- жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша кураторлық сағат өткізу;
- түлектер мен оларды жұмысқа қабылдаған ұйымдармен байланыс орнату;
- әлеуетті жұмыс берушілерге ынтымақтастық туралы ұсыныстармен хат жолдау;
- түлектердің кездесуін ұйымдастыру;
- әлеуетті жұмыс берушілерді шақыру мен бос жұмыс орындар жәрмеңкесін ұйымдастыру;
- Тараз қаласының жұмыспен қамту орталығы мен облыстың,

аудандардың жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен жұмысты алға қою.

Бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру үшін Тараз қаласының жұмыспен қамту орталығы мен облыстың, аудандардың әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне сұраныс хаттар жіберіледі, бос орындар жәрмеңкесіне бітіруші түлектерді қатыстыру және жұмыс берушілердің сұраныс хаттары негізінде жұмыс жүргізіледі.

Бітіруші топтарға түлектердің жұмысқа орналастыру мәселелері және еңбек нарығы бойынша әкімшілік тарапынан консультациялар беріліп, жұмысқа орналасу бойынша бос орындар жәрмеңкесі, жұмыс берушілермен және жұмыспен қамту орталығының өкілдерімен «дөңгелек үстел», мамандықтар презентациясы, семинарлар мен конференциялар т.б іс-шаралар ұйымдастырылады.

Колледж бойынша 2023 – 2024 оқу жылында 392 бітіруші түлек, оның ішінде- 300 жұмысқа орналасқаны 76 % , жоғары оқу орнында оқитындар – 54 түлек 14 %, әскери қызмет ету қатарына шақыртылғандар -12 түлек 3%, бала күтімі бойынша демалыста – 8 түлек 2%, және жұмыспен қамтылмағандар-18 түлек 4,5% көрсеткіштері. 2023 – 20234 оқу жылында 392 бітіруші түлек, оның ішінде 374 жұмысқа орналасқаны және қамтылғаны 95 % құрайды.

№ п/п	Мамандық, біліктілік атауы	2023-2024			Оның ішінде жұмысқа орналасқандар және қамтылғандар		
		Бітір гендер (адам)	Оның ішінде жұмысқа орналасқандар		(адам)	%	Себебі
			(адам)	%			
1	01140100 -"Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі" 4S01140100 -"Бастауыш білім беру мұғалімі"	206	174	84 %	199	97 %	Бала күтімі бойынша, ЖОО-да оқиды
2	04120100 -"Банк және сақтандыру ісі" 4S04120103 -"Банк операциялары жөніндегі менеджер"	34	24	71 %	30	88 %	Бала күтімі бойынша, ЖОО-да оқиды
3	04210100 -"Құқықтану" 4S04210101 -"Заңгер"	94	71	76 %	92	98 %	Әскери қатарға шақырылды, ЖОО-да оқиды
4	06130100-"Бағдарламалық қамтамасыз ету"(түрлері бойынша) 4S06130103 -"Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы"	30	18	60 %	28	98 %	Әскери қатарға шақырылды, ЖОО-да оқиды
5	07140500-"Сандық техника" (түрлері бойынша) 4S07140504 -"Техник-электронщик"	2	2	100 %	2	100 %	-
6	07140900 -"Радиотехника,электроника және телекоммуникациялар" 4S07140902 -"Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі"	12	5	42 %	10	83 %	Әскери қатарға шақырылды, ЖОО-да оқиды
7	07161300 -"Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану" 4S07161304 -"Техник-механик"	14	6	43 %	13	93 %	Әскери қатарға шақырылды, ЖОО-да оқиды
Барлығы		392	300	76 %	374	95 %	

Қорытынды аттестаттау бойынша білім көрсеткіштері

Білім алушыларды қорытынды және қайта қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау:

Колледжде «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу үлгеріміне ағымды бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік ережелері» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылдың 18 наурызындағы №125 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың 28 тамызындағы №373 бұйрығындағы жаңартулармен) негізінде білім алушылардың білімін бақылауды ұйымдастыру жүйесі енгізілген.

Түлектердің білімін, дағдысын, іскерлігін және құзыреттілігін бақылау қорытынды аттестацияда жүзеге асырылады. Колледж бітіруші түлектерін қорытынды аттестаттау жалпы кәсіптік және арнайы пәндер бойынша бітіру емтихандарын тапсыруды, дипломдық жобалауды орындауды қарастырады. Қорытынды аттестаттауды өткізу үшін колледж директорының бұйрығымен аттестаттау комиссиясы құрылады. Аттестаттау комиссиясының құрамына әлеуметтік серіктес кәсіпорындарының білікті мамандары кіреді. Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы кәсіпорындардың білікті мамандары, арнаулы пәндер оқытушылары, өндірістік оқыту шеберлері және колледждің алқалы басқару органдарының өкілдері мен жұмыс берушілер және колледж өкілдерінің қатынасында құрылады, оның ішінде дауыс беру құқығынсыз комиссия хатшысы. №502 «Білім беру ұйымдары жыл сайын қорытынды аттестаттау кезінде білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептілік құжаттарының нысанын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткені туралы қорытынды аттестаттауды өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы; емтихандар (жеке) (қосымша), біліктілік бойынша білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы (жиынтық) (қосымша); білім алушылардың бітіру жұмысын (дипломдық жұмыс жобасын) қарау бойынша қорытынды аттестаттау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы (қосымша) жүргізіледі.

Дипломдық жобалар тақырыбы маңызды болып табылады және ғылым мен техниканың қазіргі күйіне және даму бағытына, мамандарды дайындау бейініне сәйкес келеді. Жыл сайын нақты дипломдық жобалар саны ұлғайып келеді. Жетілдірілген жобалар оқу үрдісіне ендірілуде, бұл колледждің білім беру сапасын көтеруге ықпал етеді. Нақты дипломдық жобалардың барлық түрлері мен үлгілері білім алушылардың шығармашылық ойлау қабілетінің белсенділігін арттыруға, нақты экономикалық және өндірістік жағдайларды шешуде ғылыми әдістерді қолдану мамандар дайындау сапасын көтеруге ықпал етеді. Комиссия қорытынды аттестаттау өткізуге дейін бір ай бұрын қорытынды аттестаттау мерзіміне құрылады және оқу үрдісінің кестесімен, МЖБС анықтаған үлгідегі жұмыс оқу жоспарымен қарастырылған мерзімде

өткізіледі. Қорытынды аттестаттау 3-4 курста мемлекеттік емтихан немесе дипломдық жұмысты қорғау үлгісінде өткізіледі. Қорытынды аттестаттауды өткізуге оқу уақытының көлемі 2 аптадан артық емес. Оқытуды аяқтауға бөлінген уақыт (дипломдық жобалау және қорытынды аттестаттау) 6 аптадан аспайды.

Білімді бағалаудың объективтілігін және білім алушылардың кәсіби құзыреттілігінің қол жеткізген деңгейін, оларды бағалау құралдары мен механизмдерінің сәйкестігін қамтамасыз ету үшін колледжде білімді бағалау шамалары, сонымен қатар қорытынды аттестаттауды қабылдау ауызша емтихандар, дипломдық жобаларды сыртқы сарапшылармен, тақырыпқа сәйкес сала мамандарымен рецензиялау арқылы жетілдірілген.

Бақылаудың екі түрі қолданылады - ағымды және қорытынды. Пәндер бойынша ағымдық бақылау оқу-тәжірибелік материалды игеру деңгейі мен дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін жеке, фронтальды сауалнама, үй тапсырмасын тексеру, реферат қорғау және білімді бақылау мен есепке алудың басқа да нысандары арқылы оқу уақытында жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу ережесін негізге ала отырып, колледж бойынша қорытынды аттестация тапсыру уақыты 2023 -2024 оқу жылы 7 маусымнан –20 маусым оқу үрдісі кестесі негізінде аралығында бітіруші мамандарға ережеге сай жүргізілді.

Мемлекеттік емтихан комиссиясы қорытынды аттестаттау барысында білім алушылардың жауаптарының нақты және іс-тәжірибемен байланыстыра отыра жауап бергендері, болашақта жақсы маман иесі болатынын атап өтті.

Әр мамандыққа қорытынды аттестаттау комиссияның төрағалары мен комиссия мүшелерінің шешімі бойынша 2023-2024 оқу жылы күндізгі оқу бөлімі бойынша қорытынды аттестацияны 392 бітіруші студент тапсырып, 9 студентке үздік диплом, 383 студентке жәй үлгідегі диплом берілді. Сырттай оқу бөлімінде 1 мамандық бойынша 10 бітіруші студент тапсырып, 10 студентке жәй үлгідегі диплом берілді.


Қорытынды аттестаттау бойынша білім көрсеткіштері төмендегідей:
2023-2024 оқу жылы
Күндізгі бөлім

№	Мамандық атауы	Студент саны	Көрсеткіштер				Оқу үлгерімі	Білім сапасы	Орта ұпай
			«5»	«4»	«3»	«2»			
1	01140100 -"Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі"	206	6	200	-	-	100	100	4

2	04120100 -"Банк және сақтандыру ісі"	34	3	31	-	-	100	100	4
3	04210100 -"Құқықтану"	94	-	94	-	-	100	100	4
4	06130100- "Бағдарламалық қамтамасыз ету"(түрлері бойынша)	30	-	30	-	-	100	100	4
5	07140500-"Сандық техника" (түрлері бойынша)	2	-	2	-	-	100	100	4
6	07140900 - "Радиотехника,электроника және телекоммуникациялар"	12	-	12	-	-	100	100	4
7	07161300 -"Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану"	14	-	14	-	-	100	100	4
	Барлығы:	392	9	383	-	-	100	100	4

2023 -2024 оқу жылы
Сырттай бөлім

№	Мамандық атауы	Студент саны	Көрсеткіштер				Оқу үлгерімі	Білім сапасы	Орта ұпай
			«5»	«4»	«3»	«2»			
1	07161300 - "Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану"	10	-	10	-	-	100	100	4
	Барлығы:	10	-	10	-	-	100	100	4



Білім беру бағдарламалар туралы

Колледж директоры 26.01.2024ж. № 3 бұйрығымен 2024-2025 оқу жылына білім беру бағдарламалар әзірлеу үшін жұмысшы комиссия бекітілді комиссия құрамы әкімшілік қызметкерлер мен педагогтардың өкілдерінен құрылды.

Колледжде өндіріс орындары мен академиялық оқу процесі арасындағы қарым-қатынасты жүйелі жолға қою, өндіріс талаптарына сай білім беру бағдарламаларын өзектендіруді қолдау мақсатында колледж директоры 2023 жылғы 01қыркүйектегі № 019 бұйрығымен индустриалдық кеңес құрамы бекітілген. Кеңестің құрамына жұмыс берушілер, әкімшілік қызметкерлері, педагогтар, студенттері және колледж түлектері кірді.

2024-2025 оқу жылына жоспарланған қабылдау бойынша мамандықтардың төлқұжаттар жұмыс берушілердің қатысуымен, кәсіптік стандарттар (болған жағдайында), WorldSkills кәсіптік стандарттары (болған жағдайында) талаптарының негізінде әзірленді. Білім беру бағдарламалары индустриалдық кеңесте қаралып, мазмұнына тиісті ұсыныстар берілген

2024-2025 оқу жылына жоспарланған қабылдау жоспары

01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	4S01140100	Бастауыш білім беру мұғалімі	9 сынып мемлекеттік тілде
04120100	Банк және сақтандыру ісі	4S04120103	Банк операциялары жөніндегі менеджер	
07110100	Құқықтану	4S04210101	Заңгер	
06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4S06130103	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы	
07140500	Сандық техника (түрлері бойынша)	4S07140504	Техник-электронщик	9 сынып орыс тілінде мемлекеттік тілде
07140900	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	4S07140902	Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі	9 сынып мемлекеттік тілде
07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4S07161304	Техник-механик	9 сынып орыс тілінде мемлекеттік тілде

Приём заявок завершён

Сменить пароль

Регион	Организация ТИПО	Язык обучения	Специальность	Квалификация	Текущий статус	ID заявки	
Жамбылская область	ТОО "Білім" Профессиональный гуманитарно-технический колледж	Русский	01140100 Педагогика и методика начального обучения	4501140101 Учитель начального образования	Внесено в реестр	21420	 
Жамбылская область	ТОО "Білім" Профессиональный гуманитарно-технический колледж	Русский	07161300 Техническое обслуживание, ремонт и эксплуатация автомобильного транспорта	4507161304 Техник-механик	Внесено в реестр	17513	 
Жамбылская область	ТОО "Білім" Профессиональный гуманитарно-технический колледж	Русский	06130100 Программное обеспечение (по видам)	4506130103 Разработчик программного обеспечения	Внесено в реестр	17842	 
Жамбыл облысы	"Білім" кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі ЖШС	Қазақ	04210100 Құқықтану	4504210101 Заңгер	Внесено в реестр	16588	 
Жамбыл облысы	"Білім" кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі ЖШС	Қазақ	01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	4501140101 Бастауыш білім беру мұғалімі	Внесено в реестр	21421	 
Жамбыл облысы	"Білім" кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі ЖШС	Қазақ	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4507161304 Техник-механик	Внесено в реестр	15712	 
Жамбылская область	ТОО "Білім" Профессиональный гуманитарно-технический колледж	Русский	07140500 Цифровая техника (по видам)	4507140504 Техник-электронщик	Внесено в реестр	22635	 
Жамбыл облысы	"Білім" кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі ЖШС	Қазақ	07140500 Саңдық техника (түрлері бойынша)	4507140504 Техник-электронщик	Внесено в реестр	23013	 
Жамбыл облысы	"Білім" кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі ЖШС	Қазақ	07140900 Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	4507140902 Телекоммуникациялық байланыс жүйелер тәзінгі	Внесено в реестр	21950	 
Жамбыл облысы	"Білім" кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі ЖШС	Қазақ	04120100 Банк және сақтандыру ісі	4504120103 Банк операциялары жөніндегі менеджер	Внесено в реестр	22002	 
Жамбыл облысы	"Білім" кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі ЖШС	Қазақ	06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4506130103 Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы	Внесено в реестр	17840	 
Жамбыл облысы	"Білім" кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі ЖШС	Қазақ	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4507161304 Техник-механик	Внесено в реестр	15888	 

2.2. ЦӘК-тер бойынша әдістемелік кабинеттің сараптамасы

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты және үлгілік оқу бағдарламалары, Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары негізінде білім беру жүйесін жаңғыртудағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын жүзеге асыруда. Колледж ұжымы «Білім беру мазмұнын жаңарту аясында шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған кәсіби құзіреттілік тәсілді іске асыру» тақырыбымен жұмыс жасауда. Колледждің ғылыми-әдістемелік жұмысы білім берудің жоғары сапасы, қолжетімділігі мен тиімділігін, колледждің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін заңнамалық, ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік шарттарды құруға бағытталған.

Маман даярлауда оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру, жетілдіру бағытында озық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау және тарату, оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, аттестаттаудан өтетін оқытушылардың теориялық және әдістемелік деңгейлерін көтеру мақсатында әдістемелік көмек көрсету, оқытушылар мен білім алушылардың зерттеушілік жұмысын ұйымдастыру және жетілдіру, конференцияларға, байқауларға, конкурстарға қатысуын қадағалау, пәндік-циклдік комиссия жұмысын ұйымдастыру, оқытушылардың баспасөз беттеріне, әдістемелік сайттарға мақалаларын жариялауға бағыт бағдар беру ғылыми-әдістемелік орталықтың негізгі міндеттеріне жатады. Осы міндеттерді орындай отырып, білім берудің сапасын арттыруға, сапалы мамандар даярлауға ерекше көңіл бөлінеді.

Колледждің оқу-әдістемелік бөлімі әр оқу жылының басында әдістемелік жұмыстың және әдістемелік кеңестің жоспарларын бекітіп, соған сәйкес жұмыстар атқарады. Оқу-әдістемелік бөлімнің негізгі бағыттары:

«Жас маман мектебінің» жұмысы

- Біліктілікті арттыру курстарынан өту;
- Педагогтерді аттестаттаудан өткізу жұмыстары;
- Ғылыми-әдістемелік жұмыстар;
- ПЦК жұмыстары.

Әдістемелік кеңес - коллегиялды кеңесу органы, құрамына барлық педагогикалық қызметкерлер мен оған теңестірілген тұлғалар, шығармашылық топ жетекшілері кіреді. Әдістемелік кеңес іс-қызметі «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметінің үлгі ережесін және оны сайлау тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2007 жылғы 21 желтоқсандағы № 644 бұйрығымен реттеледі.

Әдістемелік кеңес - білім беру ұйымының оқу-әдістемелік жұмысын алқалық басқару нысаны болып табылады. Колледждің әдістемелік кеңесі екі айда бір рет өткізіліп тұрады. Әдістемелік кеңес қызметі төмендегі негізгі бағыттар арқылы жүзеге асады:

- Барлық құрылымдық бөлімдердің жұмыс жоспарлары, мамандықтардың жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларын қарау және келісу;
- Оқытудың жаңа технологияларын енгізу;
- Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- Оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіруде озық тәжірибелерді жинақтау және тарату;
- Пән бойынша оқу-әдістемелік өнімдерді даярлау;
- Педагогтар мен білімгерлердің ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру.

Әдістемелік кеңесте жоспарланған жұмыстар қаралып, кеңес мүшелерінің ой-пікірлері тыңдалып, ұсыныстарға сай шешімдер шығарылып, жүзеге асырылуы қарастырылады. Әдістемелік кеңес жүрісі мен оның шешімдері хаттамалармен толтырылады. Хаттамалар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес сақталады.

Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемеліктің келелі мәселесі: «Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес колледждің білім беру жүйесі модернизациялау күзіреттілігіне бағдарланып жүргізіліп отыр. Қоғамның заманауи және инновациялық даму талаптарына сәйкес, білім үрдісінің мазмұны мен құрылымын жетілдіру арқылы білім беру жүйесін дараландыру».

Колледждің әдістемелік кабинеті оқу-тәрбие үрдістерін ізгілендірудің, озық тәжірибелер мен ғылым жаңалықтарын ендірудің, оларды зерттеп, жинақтап таратудың орталығы болып табылады. Әдістемелік жұмыстың басты мақсаты - әрбір ұстазды шығармашыл тұлға деп қарап, ізденіске жетелеу. Жаңашыл, шебер ұстаздардың тәжірибесін насихаттау, ғылыми үрдіске даярлау.

Әдістемелік кабинетінің басшылығымен колледжде циклдық әдістемелік комиссияның, ынталы шығармашылық тобының, жас мамандар мектебінің жұмыстары ұйымдастырылған. Олардың негізгі мақсаттары – оқытудың жаңа технологияларын жетік меңгере отырып, оқу-әдістемелік процесті жетілдіруге ықпал ету.

Колледждің әдістемелік тақырыбы: «Заман талабына сай тұлғаны қалыптастыра отырып, кәсіби маман даярлау»

Әдістемелік қызмет мақсаты: Кәсіби - білікті және бәсекелестікке қабілетті мамандарды заманауи педагогикалық және ақпараттық технологияларды біріктіру арқылы дайындау.

Бүгінгі таңда білім беру саласында білім мазмұнына жаңаша тереңдету негізінде кәсіби мамандарды даярлаудағы негізгі мәселе. Жас ұстаздардың кәсіби шеберліктерін жетілдіру мақсатында «Жас маман

мектебі» жұмыс істейді.

Жас мамандар мектебі - әдістемелік жүйенің арнаулы педагогикалық білімі жоқ жас мамандарды біріктіретін элементі. Жас маман мектебі жас оқытушылардың біліктілігін көтеру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және өтілі аз жоғары білімді жас оқытушыларды біріктіреді. Жас маман мектебі - бұл педагог кадрлардың тұрақты жұмыс істейтін бірлестігі.

Жұмыс мақсаты: жас маманның жұмыс орнына бейімделуі, оқытушыға әдістемелік көмек көрсету, жас маманның кәсіби шеберлігін жоғарлату, психологиялық, педагогикалық жеке қабілетін қалыптастыру, күнделікті өзіндік дамыту мен өзіндік жетілдіруде қажеттілікті қалыптастыру.

Жыл басында жаңадан келген және бұрынан істеп жүрген жас мамандарға тәлімгерлер тағайындалып, жоспарлар жасақталды.

Жас мамандарды педагогикалық ізденістерге үйрету, ұстаздық шеберлікке тәрбиелеу, қазіргі заман талаптарына сай жаңа ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қойылатын талаптарды меңгерту мақсатында тәлімгерлік бекітілді. (Әдістемелік кеңес отырысының №1 Хаттамасы 31.08.2023ж)

Тәлімгерлер жас мамандарға оқу-жоспарлау құжаттарымен қалай жұмыс жасау керектігін, сабақта педагогикалық технологияны пайдаланудың тиімділігін, жас педагогтарды жаңа жағдайларға бейімдеу үшін жұмыстар жүргізеді.

Жас мамандарға арналған әр түрлі семинар, конференция, шебер-сыныптар өткізіледі.

Негізгі тақырыптар:

- Оқу жоспарлау құжаттарының ережелерімен танысу және рәсімдеу
- Оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін қолдану
- Жас педагогтардың жаңа жағдайларға бейімделуі
- Педагогикалық технологиялардың тиімділігі, ерекшеліктері
- Жас мамандарды біліктілікті арттыру курстарына жіберу, өзін-өзі жетілдіруі.
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім беру үрдісін академиялық дербестікті есепке ала отырып модельдеу

Оқу жылы барысында колледж тарапынан жас мамандарға арналған семинар сабақтар, тренингтер, дөңгелек үстелдер, конференциялар, озат оқытушылардың іс-тәжірибесімен танысу мастер-класстары, кездесулер,

дискуссиялар өткізіледі, өзара сабаққа, ашық сабақтарға қатысу, қатысқан сабаққа әдістемелік талдау жасауды үйрету, педагогикалық этиканы, сөйлеу мәдениетін ұстану жайлы мол мағлұмат беру жұмыстары жүргізіледі. Жыл сайын колледже «Үздік жас маман» байқауы ұйымдастырылып, өткізіледі.

Ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстар колледждің миссиясына сәйкес жүргізіледі. Колледж бойынша екі ПЦК-ның жұмысы талапқа сай ұйымдастырылған. Пәндік-циклдік комиссияның оқытушылары ізденісті жаңашылдыққа, жаңашылдықты шығармашылыққа ұштастыра отырып, сапалы мамандар даярлау бағытында әдістемелік шеберліктерін шындап отырады. ПЦК-лардың оқу-әдістемелік жұмыстары төмендегідей бағыттарды қамтиды: ашық сабақтар, пәндік іс-шаралар, онкүндіктер, әдістемелік күн, шығармашылық есеп беру, озық педагогикалық тәжірибелерді тарату, оқытушылардың оқу-әдістемелік құралдарын жарыққа шығару, ғылыми-әдістемелік жұмыстар (дөңгелек үстел, пікір-сайыс, семинар-кеңес, семинар-практикум, ғылыми-практикалық конференция), оқытушылардың білімін жетілдіруі, біліктілігін арттыруы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесі басшылыққа алынды.

Колледж білімгерлері зерттеу жұмыстарымен айналысуға, танымдық қызығушылықтарын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық, ғылыми-теориялық конференцияларға (қалалық, облыстық, республикалық, аймақтық, халықаралық) белсене қатысады.

Колледж оқытушыларының кәсіби байқауларға, семинарларға, конференцияларға қатысуы, нәтижесі

№	Оқу жылдары	Облыстық	Республикалық	Халықаралық	Барлығы
1	2023-2024	5	2	1	9

Колледж білім алушыларының облыстық, республикалық, халықаралық олимпиадалар, конкурстар, жарыстарға қатысуы, нәтижесі

№	Оқу жылы	Облыстық	Республикалық	Халықаралық	Барлығы
1	2023-2024	8	2	2	12

Колледж оқытушыларының өз іс-тәжірибелерін әріптестерімен бөлісу мақсатында өткізген іс-шаралары, ашық сабақтары, жаңашыл ой-әрекеттері мақала түрінде үнемі халықаралық, республикалық, облыстық баспа беттеріне, «Bilim kz» республикалық педагогикалық журналы, «Педагог хабаршысы» республикалық ғылыми-педагогикалық, «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газетіне, республикалық салалық кәсіподақ «Еңбекші» газеті, Жамбыл облыстық ғылыми-әдістемелік «Озық сабақ», «Білім шырағы» журналы, облыстық «Ақ жол», «Арай», «Жамбыл -Тараз» газеттеріне материалдар жарияланды.

Білім алушылардың дарындылығын арттыру үшін колледжіміздің оқытушылары тарапынан көптеген жұмыстар жасалуда. Солардың ішінде дарынды білім алушылар арасында жаратылыстану және гуманитарлық пәндер бойынша өткізілетін пәндік олимпиадалардың орны ерекше. Колледж білім алушылары түрлі деңгейдегі пәндік қашықтық онлайн олимпиадалар мен байқауларға қатысып, өз білімін тексеруге, жаңа біліммен қарулануға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, «Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған республикалық онлайн-олимпиада, «Инфоурок» білім беру порталы, «Білім kz» сайты ұйымдастырған республикалық олимпиадалары.

Заманауи оқытушы – әрқашан да кәсіби деңгейі жоғары, педагогикалық дәстүрлі әдістер мен жаңа технологияларды жақсы білетін әрі оларды өз сабақтарында тиімді пайдалана алатын, әрдайым ізденіс үстінде жүретін, білімін үздіксіз толықтырып, шыңдап, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, білім алушылардың бәсекеге қабілетті маман болып шығуына қолайлы жағдай жасап, жан-жақты білім беретін, оқу-тәрбие ісін меңгерген тұлға.

Колледжде алдыңғы қатарлы оқытушылар мен топ, ПЦК, үйірме жетекшілерінің, кабинет меңгерушілерінің іс-тәжірибелері жинақталып таратылады.

Оқытушылардың кәсіптік деңгейін, педагогикалық іс-тәжірибелерін бағалау мақсатында әдістемелік кабинетінің басшылығымен рейтингтік бағалау жүйесі енгізілген. Рейтингтік бағалау жүйесі көптеген номинациялар бойынша ең үздік оқытушыларды, циклдық әдістемелік комиссия, кабинет, үйірме және топ жетекшілерін анықталады.

Колледж оқытушылары өз білімдерін жетілдіру мақсатында жыл сайын білім жетілдіру курстарынан өтіп, білімдерін көтереді.

Колледж оқытушылары халықаралық, республикалық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, семинарларға белсене қатысып, баяндамалары ақпараттық басылымдарда жарияланып отырады. Колледж ұжымы үнемі шығармашылық ізденіс үстінде.

Білім беру бағдарламаларын іске асыру-салалық біліктілік шеңберіне және кәсіби стандарттарға сәйкес келетін, сондай-ақ еңбек нарығы мен білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыратын болашақ мамандардың базалық және кәсіби

құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Республикалық, облыстық байқаулар мен олимпиадаға педагогтардың қатысуы

р/с	Педагогтың аты-жөні	Тақырыбы	Өткен орны, күні
1	Жәкүда Балжан Талғатқызы	«Физика пәнін оқытуда жаңа технологиялардың тиімділігі» тақырыбындағы колледждің физика пәні оқытушыларына арналған облыстық семинар-практикумына қатысқаны үшін	2023 жыл, Тараз қ. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сертификат
2	Ибрашева Айнаш Раймбековна	Жаңартылған білім беру мазмұны аясында инновациялық оқу-әдістемелік кешенді баспа бетіне жариялап Республика көлемінде таратылғаны үшін	2024 жыл, Сертификат
3	Ибрашева Айнаш Раймбековна	Жаңартылған білім беру мазмұны аясында инновациялық оқу-әдістемелік кешенді баспа бетіне жариялап «Ең үздік басылым» Республика көлемінде таратылғаны үшін	2024 жыл, Құрмет грамотасы
4	Құттыбаева Гүлназ	«Информатика оқытудағы заманауи мәселелер және оларды шешу жолдары» тақырыбындағы колледждің информатика пәні оқытушыларына арналған облыстық семинар-практикумына қатысқаны үшін	2023 жыл Тараз қ. Сертификат
5	Жәкүда Балжан Талғатқызы	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының инженер-педагогтеріне арналған «Lesson Study зерттеу сабақтары сериясын өткізу» тақырыбында өткен облыстық мастер-классқа қатысқандығын растайды	2024 жыл, Тараз қ. Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сертификат
6	Акибаева Анар Орынбасаровна	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері арасындағы білім беру саласы бойынша кәсіби шеберлік конкурсының облыстық кезеңіне қатысқаны үшін	2024 жыл Тараз қ.
7	Ибрашева Айнаш Раймбековна	Республикалық «Білім өркениетті» журналының №7 санында әдістемелік ізденісі мен кәсіби белсенділігін көрсеткені үшін	2024 жыл, наурыз Құрмет грамотасы

8	Сатыбалдиева Жулдыз Кенесбековна	«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының 1-2 курс студенттері арасындағы қазақ тілі пәні бойынша облыстық олимпиада III орын иеленген Серікбай Зарина Санатқызы жетекшісі: Сатыбалдиева Ж.К.	2024 жыл Тараз қ. Диплом
9	Ибрашева Айнаш Раймбековна	«Менеджмент в образовании» біліктілікті арттыру курсы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы	2024 жыл, наурыз Сертификат
10	Сатыбалдиева Жулдыз Кенесбековна	«Шәкәрім жүрген ізбенен» облыстық байқау III орын иеленген Серікбай Зарина Санатқызы жетекшісі: Сатыбалдиева Ж.К.	2024жыл, Меркі Диплом

**Халықаралық, республикалық, облыстық семинар-кеңестерге,
конференцияларға педагогтардың қатысуы**

р/с	Педагогтың аты-жөні	Тақырыбы	Өткен орны, күні
1	Акибаева Анар Орынбасаровна	«Балалардағы әлеуметтік - эмоционалды оқыту» атты халықаралық семинар Стамбул университетінің Фараби атындағы Еуразиялық зерттеулердің қолданбалы және ғылыми зерттеу орталығы	19-24 сәуір 2024 жыл. Стамбул қ.
2	Өмірбек Рысбике Өмірбекқызы	«Цифровизация образования в современном вузе и школе» Международный научно- методеский семинар	2024 жыл. Сертификат
3	Акибаева Анар Орынбасаровна	«Bilim Stars» Республикалық ғылыми әдістемелік, педагогикалық журналының №2 санына оқу әдістемелік материалын жариялағанын растайды	2024 жыл. Мамыр Алматы қ.
4	Акибаева Анар Орынбасаровна	«Биологияны оқыту әдістемесі» білімді жетілдіру курсы	Сертификат 2024 жыл мамыр. Тараз қ.
5	Құмарқұлова Айдана Шоқанқызы	«WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатын өткізу және ұйымдастыру жұмыстарына белменді үлес қосқаны үшін	2024 жыл. Тараз қ. Алғыс хат
6	Өмірбек Рысбике Өмірбекқызы	«Человек в коммуникации: категория вежливости и речевая агрессия» конференция	2024ж Тараз қ Сертификат
7	Рысқұлбеков Қайрат Рәпілбекұлы	«WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатын өткізу және ұйымдастыру жұмыстарына белменді үлес қосқаны үшін	2024 жыл. Тараз қ. Алғыс хат

8	Сатыбалдиева Жулдыз Кенесбековна	« WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатын өткізу және ұйымдастыру жұмыстарына белменді үлес қосқаны үшін	2024 жыл. Тараз қ. Алғыс хат
9	Акшалова Динара Жартыбаевна	«Ғылым мен білім проблемалары: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар» Халықаралық конференция	2024 жыл, сәуір II дәрежелі Диплом
10	Өмірбек Рысбике Өмірбекқызы	«Ғылым мен білім проблемалары: өзекті мәселелер, жетістіктер мен инновациялар» Халықаралық конференция	2024 жыл, сәуір II дәрежелі Диплом

3. АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

3.1. Оқу орнындағы компьютерлер және оргтехникалар туралы жалпы мәлімет

№	Техниканың атауы	Саны
1	Компьютер	84
	Әкімшілік	9
	Кітапхана	1
	Шеберхана	2
	Еgov қызмет көрсету орталығы	1
	Оқу процесінде	71
	Жөндеуді қажет ететін компьютерлер	22
2	Ноутбук	25
3	Моноблок	5
4	Проекторлар саны	3
5	Интерактивті тақталар саны	3
7	Принтер ч/б	10
8	Принтер 3/1	4

Интернет желісіне біріктірілген компьютерлер саны

Колледжде келісім шарт бойынша 30 мб/с жылдамдықпен интернет желісі жұмыс жасайды. Алайда күнделікті 30 мб/с аралығында жылдамдықта болады. Интернет желісі кабельмен және wi-fi қондырғылары арқылы таратылады. 2 қабатта 4 wi-fi роутер орнатылған.

Оқу кабинеттерінің интернетпен қамтылуы

№	Аудитория	Компьютер саны
1	№ 205	25
2	Еgov қызмет көрсету орталығы	1
5	Кітапхана	1

3.2. Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде қолдануы

Оқытушы қызметінің негізгі мәні- өндірістік оқыту, тәрбиелеу, дамыту ғана емес, сол үрдістерді басқаруды шығармашылықпен ұйымдастыра білу. Өйткені, мұғалім еңбегінің бүгінгі нәтижесі қандай болса, елдің, қоғамның ертеңі, болашағы сондай болмақ. Мұндай адамды қалыптастыру қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Әрбір жеке тұлғаның, бүкіл халықтың, бүкіл қоғамның тағдыры мұғалімнің еңбегінің нәтижесіне тікелей байланысты.

Колледж оқытушылары өз қызметін шығармашылық бағытта ұйымдастыра білуі үшін, ең алдымен, өз қызметінің мәнін түсіне алуы — басты шарт.

Ақпараттық–технологияларды пайдалану оқытушы мен білім алушылардың маңызды кәсіптік және анықтамалық ақпараттармен қамтамасыз етеді. Ақпараттық — технологияларды пайдаланып интерактивтік сабақтарда оқытушы ұйымдастырушы, бақылаушы деңгейінде болып, білім алушылардың белсенділігі арта түседі. Мұндай сабақтарда оқытушы жұмысқа тікелей қатысқанымен, өз мүмкіндігін шектеп, студенттің белсенді болуына жағдай туғызуы қажет.

Осы орайда өз тәжірибеміздің негізінде оң нәтижеге қол жеткізу үшін дүниетанымы кең, шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға қалыптастыру.

Осы мақсат негізінде алдымызға қойған міндеттеріміз:

- студенттердің қабілеті мен талантын ашу;
- шығармашылық, логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру;
- өз алдына мақсат қою арқылы оны жүзеге асыра білу;
- өз әрекетінің нәтижелерін бағалай білу;
- өз қабілетін дамыту.

Қазіргі кезде білім алушылардың санасында, ой-өрісінде жалпы азаматтық, адамзаттық рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, болашақ кәсіп иелері тұлғасының даму барысын психологиялық жан-жақты және үздіксіз зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін танып, дұрыс бағытта дамыту, әр түрлі әлеуметтік және моралдық психологиялық жағдайларда қолдау көрсету және қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында жаңа азаматты қазақтың ұлттық өнері арқылы қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы мен көкейтестілігі күннен күнге артып отыр. Сондықтан білім беру жүйесін реформалау саясатын, ең біріншіден, кәсіптік білім беру сияқты өмір талабына қойылатын сұранысқа сәйкес жүргізу, екіншіден, оқу үрдісіндегі білім беру мен ұлттық тәрбие бірлігін сабақтастыра отырып, білімнің үйлесімділігімен қатар әрбір білім алушылардың ерекшеліктерін ескеріп, қабілетіне, белсенділігіне сәйкес бағдар ұстау керек.

Жеке тұлғаның дамуы әрекетшілдік және оқыту процесі кезінде ғана жүзеге асырылады. Баланың жеке басының дамуы әлеуметтік әрекетшілдіктің яғни ойнау, танымдық, еңбектік, қарым-қатынастық сияқты барлық негізгі түрлері кезінде табысты жүзеге асырылатыны баршамызға мәлім.

Осыған қоса психологтар былай дейді, қандай болмасын әрекетшілдікпен дәлелді және әсерлі тұтынушылық бағалары, және субъекті үшін осы әрекетшілдіктің пайдалылығы мен мүмкіндіктері бірге жүреді.

Кез келген білім алушыны кәсіпке баулу барысында білім алушыларды адамгершілікке, іскерлікке, шеберлікке білімділікке тәрбиелеу, олардың дүниетанымын, дағдысын арттыру қазіргі күннің басты талаптары.

Ақпараттық технологияларды оқу үрдісінде оқытушылар жиі қолдананады. Соның ішінде цифрлық оқу ресурстарын, электрондық тестілеу жүйесін, презентациялар, видео роликтерді, аудио жазбаларды,⁹

электрондық оқулықтарды білімгерлердің қызығушылығы мен сабаққа деген ынтасын арттыруда тиімді пайдаланылады.

2023 оқу жылының қараша айында колледж оқытушыларына оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану мақсатында семинар, мастер-класс өткізді.

Жаңа коммуникациялық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты- студенттердің оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бұл мақсаттарға жету жолында электрондық оқулықтар, тексеру программалары, оқыту программалары сияқты программалық өнімдер қызмет етеді. Ақпараттық технологияның тиімділігі – студенттердің білім олқылықтарына үнемі зерттеу жасап, түзету жұмыстарын жүргізуге пайдасы бар екендігі анықталды. Қазіргі заманның даму қарқыны оқытушылар шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді.

Ақпараттық-технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол. Қазіргі кездегі шапшаң жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру–жаңа ақпараттық-технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

3.3. Оқу орнының және bilimgtk.edupage.org сайтының жұмысы

EDUPAGE – веб және смартфонда қосымша ретінде қолданылатын онлайн журнал платформасы.


EDUPAGE мүмкіншіліктері мен функциялары:

- Сабақ кестесін құру және менеджменті.
- Құрылған сабақ кестесі жариялағаннан кейін сол мезетте хабарландыру ретінде барлығына бірдей жіберіледі.
- Сол кестеден әркім сабақ қай уақытта, қай кабинетте болатынын және пән мұғалімінің кім екенін көре алады.
- Сабақ кестесіне уақытша өзгерістер енгізіп, дереу хабар етуге болады. Мысалы бір сабақ немесе мұғалім орнына басқа сабақ немесе мұғалім қойылады.
- Қарым-қатынас.
- Осы платформа арқылы әртүрлі хабарландырулар жіберіледі.
- Мұғалімдер сабақта кім бар-жоғын белгілей алады және ата-анаға бұл хабарлама келіп отырады.
- Мұғалім, оқушы, ата-аналар, колледж администрациясы барлығы бір біріне хабарламалар жасай алады. Онлайн кездесу мүмкіндігі де бар.
- Бағалар.
- Осы платформада барлық электронды журналдың функциялары бар. Бағалау, үй жұмысы, кері байланыс, комментарийлер жіберу.

- Онлайн оқуға шыққан оқушылармен жұмыс жасауға арналған құралдары бар.

Колледжде **bilimkgtk.edupage.org** сайты 2023 жылдың 1-қыркүйегінен бастап тұрақты жұмыс істеді. Колледж оқытушылары мен студенттердің толық тізімі, оқытылатын пәндер, іс-тәжірибелер толық енгізілген.

Сабақ кестесі енгізілген және оқу үрдісіне сәйкес өзгертіліп отырды. Барлық оқытушылар сабақ барысында студенттердің күнделікті, аралық, қорытынды бағаларын қойып отырды. Сайтта күнделікті оқытушылардың электрондық журналды пайдалану белсендігін көріп отыруға болады және баға қою бойынша айына мониторинг жүргізіліп отырды.



Здоровью...
если вам нужна помощь...
Телефон: 010-10-10

Уведомления
Веб-страницы
Классный журнал
Обучение
Оценки
Сеть
Платежи
Настройки

Импортировать в новый учебный год
В выбранном учебном году 2024-2025 нет классов, предметов, учеников или классов/классов. Перейдите на новый учебный год, чтобы продолжить администрирование.



Сообщения Нет новых сообщений		Классный журнал
		Оценки
Certificates / printouts	Планы & Материалы	Работа / экзамены
Результаты	Стандарты	Расписание
Зачеты	Посещаемость (учащиеся)	Моя посещаемость
Регистрация / Опросы	Зачетания	Платежи

3.5. Жаңа оқу жылына талапкерлерді қабылдау бойынша college.smartnation.kz порталының жұмысы

College SmartNation - техникалық және кәсіптік білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған бірыңғай портал, колледждердің жалпыға қол жетімді тізілімі және колледжді басқару жүйесі.

Портал арқылы колледждің білім алушылары мемлекеттік қызметтердің келесі түрлерін ала алады: ТЖКБ ұйымдарына құжаттарды қабылдау, тегін тамақтануды ұсыну, академиялық демалысқа өтініш, жатақхана беру, ауыстыруға/қайта оқуға алу өтінімі, аяқталмаған білім туралы анықтама беру.

2023-2024 оқу жылына талапкерлерді қабылдау college.smartnation.kz сайтында электронды түрде жүргізілді.



4. КІТАПХАНА ЖҰМЫСЫ

Колледж кітапханасы ҚР заңнамасына сәйкес оқу үрдісін толық қамтамасыз ету үшін қолда бар материалдық ресурстарды тиімді пайдалана отырып, барлық оқу түрінің студенттеріне және педагогикалық қызметкерлерге қызмет көрсетуді ұйымдастырады.

Колледждің оқу үрдісін ақпараттық-әдістемелік және кітапханалық қамтамасыз ету колледж мамандықтары бойынша оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес оқу, арнайы әдебиетпен, компьютерлік техникамен, аудио-бейнематериалдармен, көрнекі және әдістемелік құралдармен және ұсынымдармен қамтамасыз етіледі.

Кітапхана қоры жыл сайын жаңартылып отырады және қазақстандық және ресейлік мерзімді басылымдармен: республикалық және қалалық газеттермен оқу-әдістемелік, тәрбие жұмыстары бойынша журналдар жиынтығымен толықтырылады. Қорды толықтыру мамандықтар, үлгілік оқу бағдарламалары, жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша ҚР МЖМБС талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Жыл сайын кітапхананың жұмыс жоспары әзірленеді, оны колледж директоры бекітеді. Онда кітапхананың алдағы оқу жылына арналған негізгі міндеттері мен жоспарлары көрсетілген, атап айтқанда:

- оқу және тәрбие үрдісін ұйымдастыру және оқырмандарға қызмет көрсету үшін жаңа ақпараттық технологияларды барынша енгізу;
- бөлімдер мен салалар бойынша кітап қорын сапалы қалыптастыруға ерекше көңіл бөлу;
- оқырмандарды кітаптармен жұмыс істеуге тарту;
- жалпыкітапхана жұмысында шетелдік тәжірибені енгізу және пайдалану;
- оқырмандардың түрлі сипаттағы ақпаратқа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша жұмысты күшейту;
- жеке тұлғаның, жаңа формациядағы адамның, жаңа ойлаудың және іс-әрекет түрінің жан-жақты дамуына ықпал ету.

Кітапханада оқу жылы бойы жүргізілетін қатаң есептегі құжаттар бар, атап айтқанда:

- оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер;
- сандық тасығыштардағы оқу және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер;
- оқырмандар жоғалтқан құжаттарды қордан алып тастау және қорға тең құнды деп танылған құжаттарды қабылдау туралы акт;
- кітапхана қорын тексеру туралы акт;
- жоғалған кітаптарды және басқа да құжаттарды есепке алу дәптері;
- оқырман формуляры;
- оқырман формулярына қосымша бет;
- кітап абонементін/оқу залын күнделікті статистикалық есепке алу парағы;

- кітапхана жұмысының күнделігі;
- кітапхананың оқу жылына арналған жұмыс жоспары;
- оқу жылындағы кітапхана жұмысының қорытындысы мен есебі;
- құрылымдық бөлімшенің / лауазымның істер номенклатурасы;
- колледж кітапханасының оқу жылындағы жұмысының статистикалық көрсеткіштері туралы мәлімет;
- оқу басылымдарын сатып алуға тапсырыс-өтінім;
- кітапханадан шығарылған әдебиеттерді есептен шығару туралы акт (кітапханадан моральдық және физикалық тозу салдарынан әдебиеттерді есептен шығару тізімдемесі);
- пән мұғалімдеріне қолдарына/ кабинеттерге берілген оқулықтарды тіркеу кітабы;
- оқу жылындағы кітапхана жұмысының көрсеткіштерін ай сайынғы статистикалық есепке алу;
- оқу жылына мерзімді басылымдарды есепке алу картотекасы.
Сонымен қатар, электронды нұсқасы бар:
- кітапхана қорының жиынтық есебі кітабы;
- түгендеу кітабы;
- кітапханаға құжаттарды қабылдау туралы акт.

Кітапханада колледж директоры бекіткен және қол қойған «Колледж кітапханасы меңгерушісінің лауазымдық нұсқаулығы» және «Колледж кітапханашысының лауазымдық нұсқаулығы» бар.

Кітапхана ресурстарымен қамтамасыз ету саласындағы саясат көптеген мүдделі тараптармен (бұл жағдайда директордың ОЖ, ОӘЖ, ОТЖ, ОӨЖ жөніндегі орынбасарлары мен арнайы және жалпы білім беру пәндерінің оқытушыларымен, студенттердің сұраныстары мен мүдделерімен) жүйелі түрде қаралып, қайта қаралады және қордың толықтырылуымен, оның сақталуы мен қозғалысымен байланысты кейбір проблемалардың жақсы көрінуіне кейбір тенденциялары бар.

Колледж кітапханасы жалпы ауданы 26.2 ш. м.оның ішінде:

Колледж кітапханасы санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың барлық талаптарына жауап береді.

5. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ.

«Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі 2023-2024 оқу жылында 29.08.2023 жылы №1 педагогикалық кеңестің шешімімен Тәрбие орталығының жылдық жұмыс жоспары қарастырылып, бекітілді. Тәрбие жұмысының жоспары ҚР Конституциясы, «Қазақстан Республикасындағы балалар құқықтары», Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» кодексі, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі № 591-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410- V ҚР заңы, «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» 2011 жылғы 11 қазандағы Қазақстан Республикасының заңы, Қазақстан Республикасының Азаматтардың денсаулығын сақтау туралы Заңы, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының «Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарын», Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы 38 Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы «22» сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 345 бұйрығы қашықтан оқыту бойынша негізге және басшылыққа алынып, Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының нұсқау - хаттары мен ережелерінің негізінде төмендегі бағыттары бойынша жүзеге асырылды. Бүгінгі күннің сұранысы – сапалы біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті, белсенді, шығармашыл, өркениетті болашақ үшін күресуге барын салатын, жоғары мәдениетті, адамгершілік түсініктері берік бекіген, кез-келген ісінде патриоттық сезімі көрініс тапқан ұрпақ. Мұндай ұрпақты тәрбиелеу ісінде мемлекет мектепке зор талаптар қойып, үлкен сенім артады. Тәрбие жұмысы колледждегі үрдістің құрамдас бөлігі болғандықтан, ол тәрбиенің жалпы мақсатын орындауға бағытталған - балаға қоғамда өмір сүруге қажетті әлеуметтік тәжірибені меңгерту және қоғамдық тұрғыдан қабылданған құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Осыған орай оның негізгі мақсаты – сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие міндеттерін толықтыру және тереңдету, олардың қабілеттерін неғұрлым толық ашу, белгілі бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын ояту, қоғамдық белсенділіктерін шыңдау, бос уақытын дұрыс ұйымдастыруды көздейді.

Тәрбиенің негізгі міндеті – тұлғаның қоғамда табысты әлеуметтенуіне ықпал ету, жағдай туғызу. Тәрбие – үнемі ізденіс пен ізгілік жолындағы қиын да, қызық мәселе. Тәрбие беру – алға қойылған мақсат пен міндеттің іске асуымен бағаланып қана қоймай, оның нәтижелілігінің көрінісі мен маңызды болмақ.

Тәрбие беру бағытында мемлекеттік саясатты білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында білім беру жүйесін жаңғырту – жоғарғы мақсаттардың бірі. Тұлғаның өзін өзі билеуін, өзін өзі жүзеге асыру, отбасы және білім беру

мекемелері педагогикалық ұжымдарының өзара іс-әрекеті үшін жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында тәрбиенің нақты мақсаттары мен міндеттерін анықтау, тәрбие кеңістігін модельдеу-рухани тұлға қалыптастырудың негізі болады.

«Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі осы бағытта үздіксіз білім беру жүйесіндегі жеке тұлғаның ұлттық және жеке адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы, оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау, баланы тәрбиеленуі, білім алуы мен жан-жақты қалыптасуы, ана тілі мен салт-дәстүрлерін сақтауы, денсаулығын нығайтуы сияқты Қазақстандық патриотизмге, төзімділікке, жоғары мәдениеттілікке және құқық пен еркіндікті құрмет тұтуға тәрбиелеу - «Ұлттық рухани байлық» көзі ретінде қарастырылып, осы тұрғыда студенттердің сана-сезімін қалыптастыра отырып тәрбиелеу міндеттелген.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Колледждің тәрбие жұмысының мақсаты: Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас, ақпаратты, интеллектуалдық, жұмыс істеу білу, мәдениеті дамыған және зерттей білетін, іс-әрекет жасай білетін, дағдысы қалыптасқан тұлға тәрбиелеу.

Міндеттер:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті және патриот қалыптасуына: тұлғаның саяси, құқықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға, балалар мен жастардың құқықты санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатігездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұлға дайын болуына ықпал ету;
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және эстетикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлері мен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттары қалыптастыруға ықпал ету;
3. Тұлғаның жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлауына, ана тілді мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын психологиялық-педагогикалық күзіреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуына және өзін-өзі жүзеге асыруына, саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту;
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамсыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастырылуына ықпал ету;

7. Білім беру ұйымдарына көп мәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлқы дағдыларын қалыптастыру, тұлғаны өнерде және болмыста этникалық нысандарды қабылдау, меңгеру және ықпал ету;
8. Салауатты өмір салты дағдыларының тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Колледж миссиясы: Кәсіптік білім беру саласында жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының келесі бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық.
2. Рухани-адамгершілік мәдениет
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасы тәрбиесі
5. Еңбек, экономикалық, экологиялық тәрбие
6. Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие бағыты.

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азаматты және патриотты, тұлғаның саяси даярлығын қалыптастыру. Патриоттық сананы қалыптастыру бағытында – Отанымыздың тағдыры үшін, елді бейбіт және әскери жағдайда қорғауға жауапты Қазақстан азаматы мен патриотының тұлғасын тәрбиелеу.

1 қыркүйек білім күніне орай, «Әділетті Қазақстан: Адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт» тақырыбында салтанатты жиын мен бірыңғай топ сағаттары өткізілді. 25 қазан – Республика күніне орай топтар арасында «Менің елім Қазақстан», «Алға Қазақстан» тақырыптарында топ сағаттары өткізілді.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормаларымен және дәстүрлерімен келісілген рухани-адамгершілік және этикалық ұстанымдарын, моральдық қасиеттерін және көзқарастарын қалыптастыру.

Хакім Абай ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазақ халқын білімі мен мәдениеті дамыған елге айналдыруды көздеді. Абай мұрасы ұлт санасын қалыптастыруға, жастардың бойында елі мен жеріне деген патриоттық сезімді оятуға, рухани жаңғыруымызға игі ықпалын тигізуде. Ұстаздарға қарыздар боп өтпеген, - демекші ұстаздар мерекесіне орай, студенттер аралығында "Ұстаз-ұлағатты есім" атты меркелік іс-шара ұйымдастырылды, сондай-ақ, ұстаздар мерекесіне орай, топтар арасында «Ұстаз – ұлы есім» атты бірыңғай топ сағаттары өткізілді. Колледж

кітапханашысының ұйымдастыруымен Төле би бабамыздың туғанына 360 жыл толу құрметіне, «Төле би- даналықтың шежіресі» тақырыбында Төлебидің дана сөздерінен мәнерлеп оқу сайысы өтті.

Ұлттық тәрбие бағыты.

Мақсаты: Тәуелсіз Қазақстанымыз- біздерге, кейінгі ұрпаққа сол бабалардан басты мұра. Осы орайда ұлы кемеңгер даналық пен данышпандықтың мектебі бола білген Төле би бабамыздың туғанына 360 жыл толу құрметіне, Төлебидің даналығы, шешендігін, ел бірлігін сақтау жолындағы еңбегін үлгі ету, қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі мен қалдырған мол мұрасын дәріптеу. Студенттердің шығармашылық қабілетін дамыту, дарындылар мен таланттарды анықтау.

Отбасы тәрбиесі.

Мақсаты: ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесіне олардың психологиялық педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру.

Колледжімізде «Отбасы – бақыт мекені» апталығы аясында, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, заманауи отбасы бейнесін қалыптастыру және отбасының рөлі мен маңызын арттыру, отбасылық қарым-қатынастың оңтайлы тәжірибесін насихаттау мақсатында I-III курстар аралығында «Отбасы – бақыт мекені» атты эссе байқауы өткізілді.

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты.

Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Студенттерге табиғатты аялау, Отанды сүю, қоршаған ортаны көркейту, таза ұстау жауапкершілігін арттыру.

Сондай-ақ колледжімізде «Үнем – қоғам қуаты» жобасы аясында, экологиялық ойлауды дамыту мәселері бойынша «Табиғат - тіршілік нәрі» атты экологиялық топ сағаттары өткізілді.

Көпмәдениетті және көркемәстетикалық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру.

Студенттер мерекесіне орай «Күз мереке, күз береке» күзгі балл мерекесі ұйымдастырылып, «Күз ханзадасы, күз ханшайымы – 2023» атты мерекелік іс-шара өткізілді.

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Мақсаты: студенттерді ақпараттық қоғамда сүру үшін сапалы біліммен қаруланған, бәсекеге қабілетті, жан-жақты ойлауға, талдау жасай білуге, ақпараттық сауаттылық пен ақпараттық мәдениеттілікке тәрбиелеу және де ата-аналарға ақпаратты жеткізу.

2023-2024 оқу жылында тәрбие субъектілерінен **24** топ жетекшісі, педагог-психолог, жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы, кітапханашы және түрлі үйірме жетекшілері жұмыс атқарды. Оқу жылында барлық топ білім алушылары мен тәрбиеленушілері өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланған тәрбиелік шараларына белсенділікпен, қызығушылықпен қатысты. Колледжде тәрбие жұмысын ұйымдастыру Қазақстандық элитаға кіруге мүмкіндігі мол, сонымен қатар нақты кәсіби

салада бәсекеге қабілетті әлеуетті тұлғаларды қалыптастыруға бағытталған. Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру үшін ұйымдастыру сәйкесінше нормативтік-құқықтық базасы жасақталған. Жалпы колледжішілік тәрбие жұмысы жоспарындағы іс шараларды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының, халықаралық, әлемдік бекітілген мерекелік және атаулы күндерді, сонымен қатар колледждің дәстүрлі іс-шараларын, қала, аудан, облыс, республика, әлемнің әлеуметтік және саяси жаңалықтар мен фактілерді ескере отырып, тәрбие жұмыс жоспары құрылып бекітілді. Оның мазмұны, ұйымдастыру формалары мен әдістері үнемі толықтырылып, жоспар бойынша тәрбие жұмысы төмендегідей бағыттарға негізделіп, іске асырылады.

5.1. Жүргізілген рейдтер және ақпарат

Ағымдағы оқу жылының қыркүйек айында колледж директорының тәрбие жөніндегі орынбасары және психологтардың ұйымдастыруымен кәмелетке толмағандар арасында ұсақ құқық бұзуға ықпал ететін жағдайларды анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. 142 студенттің сауалнамасы сараптаудан өтті.

Қыркүйек - қараша айларында «Түнгі қаладағы балалар» және «Рейд» атты профилактикалық рейдтері өтті. 2022-2023 оқу жылы колледжде «Адал ұрпақ» клубы құрылды және осы күнге дейін жұмыс жасап келеді. Клуб мүшелері «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» атты сурет байқауы, I-IV курс топтар арасында «Сыбайлас жемқорлықсыз мемлекет» атты тақырыбында Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Жамбыл облысы бойынша департаментінің бас маманымен кездесу өтті.

Колледжде құқық бұзушылықтың алдын алу барысында «Қамқоршылық кеңесі» жұмыс жасайды. «Саяси экстремизм», «Діни экстремизм, терроризм» тақырыбында дөңгелек үстел, «Абайла, экстремизм!», пән мұғалімдері мен топ жетекшілердің қатысуымен «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», «Терроризм және діни экстремизмге қарсы күрес», «Жасөспірімдерге құқықтық, діни сипаттарын ұғындыру», «Террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу», топтар аралығында «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңымен таныстырып тиісті жұмыстар жүргізілді.

**«Білім» кәсіби гуманитарлық-техникалық колледжі бойынша
білімгерлердің тәртібі, қаңғыбастыққа салынбауы, бос уақыттарын
тиімді қолдану мақсатында колледж әкімшілігі мен оқытушылардан
күралған кешкі рейдке шығу кестесі
2023–2024 оқу жылы**

№	Атқарылатын жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауаптылар	Қолы
1	Колледж төңірегі және қауіпті жерлерді бақылау	Қыркүйек айына 2 рет	Акибаева А.О. Әзімхан А.Ә.	
2	Интернет-кафе, букмекерлік контораларды бақылау	Қазан айына 2 рет	Жәкүдә Б.Т. Акшалова Д.Ж.	
3	Кафе, дискотектарды бақылау	Қараша айына 2 рет	Ерманов С.О. Заманбек А.Қ.	
4	Ойын, түнгі клубтарын бақылау Орталық саябағын бақылау	Желтоқсан айына 2 рет	Жаксылыкова А.А. Сатыбалдиева Ж.К.	
5	Интернет-кафе, букмекерлік контораларды бақылау	Қаңтар айына 2 рет	Рысқұлбеков Қ.Р. Жолымбекова А.С.	
6	Ойын, түнгі клубтарын бақылау	Ақпан айына 2 рет	Акишев Е.М. Ертаева С.А.	
5 · 2	Кафе, дискотектарды бақылау	Наурыз айына 2 рет	Сатыбалдиева Ж.К. Құмарқұлова А.Ш.	
8 Т	Орталық саябағын бақылау Орталық саябағын бақылау	Сәуір айына 2 рет	Саипназарова А.О. Рысқұлбеков Қ.Р.	
9 р а	Колледж төңірегі және қауіпті жерлерді бақылау	Мамыр айына 2 рет	Ерманов С.О. Құмарқұлова А.Ш.	
10	Интернет-кафе, букмекерлік контораларды бақылау	Маусым айына 2 рет	Акишов Е.М. Ертаева С.А.	

АПБ ЖПҚ ЮПИ және (немесе) колледжішілік есепке алынған білімгерлер саны

«Білім» кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжінің зональды инспекторының колледжге келу кестесі

№	Зональды инспектордың аты-жөні	Лауазымы	Колледж де болу күні, уақыты	Студенттер мен профилактикалық іс-шаралар өткізу күні, уақыты	Ата-аналармен профилактикалық іс-шаралар	Қамқоршылық кеңес алдында есеп беру күні, уақыты

1	Асилова Нурилла Адлетовна	Тараз қаласы полиция басқармасы ІПБ жергілікті полиция қызметінің бөлімшесі ювеналдық полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры	Үнемі	Үнемі	Үнемі	Ай сайын, 30-31 күндері
---	---------------------------------	--	-------	-------	-------	-------------------------

5.3. Жүргізілген тақырыптық тәрбие сағаттары мен жұмыстары

Колледжде 2023-2024 оқу жылы Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие концепциясында көрсетілген тәрбиенің негізгі бағыттарына негізделіп жүргізілді. Тәрбиелік шаралар әртүрлі форматта жоспарланып, тәрбие жұмысының бағыттары бойынша төмендегідей тақырыптық тәрбие сағаттары өтілді.

1. ҚЫРКҮЙЕК – Білім айы
2. ҚАЗАН – Алаш азаматтарын ұлықтау айы
3. ҚАРАША – Поэзия айы
- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
4. ЖЕЛТОҚСАН – «Қазақстан - ұлы дала елі»
- 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы
5. ҚАҢТАР – Ұлттық код айы. Қысқы демалыс
6. АҚПАН – Оқуға құштарлық айы
7. НАУРЫЗ – Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы
- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні
8. СӘУІР– Экологиялық мәдениет айы
- 12 сәуір - Ғылым күні
9. МАМЫР – Бейбітшілік пен татулық айы
- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл.
10. МАУСЫМ – ТҮЛЕКТЕРМЕН ҚОШТАСУ айы
- 04 маусым – ҚР Мемлекеттік рәміздері күні

➤ 17 маусым – Құрбан Айт күні

2023-2024 оқу жылының бірінші жарты жылдығында жоспарланған ашық тәрбие сағаттардың орындалуы:

Жалпы жоспарлы 1- семестрде -8, 2- семестрде-16 ашық тәрбие сағаты өткізілді.

5.4. «Қыздар -ай» қыздар кеңесінің жұмысы

«Сырғалым» қыздар клубы - бұл өзін-өзі жетілдіруге, жеке тұлғаны дамытуға, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыруға, ұлттық дәстүрлерді зерделеуге бағытталған ортақ мүдделері бар. «Сырғалым» қыздар клубы облыстық Ережеге сәйкес әр колледжде құрылады және облыстық іс-шаралар жоспарына сәйкес мектептің іс-шаралар жоспары әзірленеді. Қыздар клубының жетекшісі болып колледж психологы, әлеуметтік педагог тағайындалуы мүмкін. Әдетте, қазақ отбасында қызға деген көзқарас пен құрмет ерекше. Өздеріне деген ерекше махабатты қыздар өмір бойы сезініп өтеді. Әйел өзінің мінез-құлқын, өмір салтын, киімін, сыртқы келбетін бақылайды. Әйелдің басты мақсаты-отбасы ошағының ұйытқысы болу. Әйелдердің жаны нәзік, сезімтал, жылулық пен қамқорлыққа аса мұқтаж. Қыздар болашағы жарқын болу үшін жағымды сәттері көбірек болуы тиіс. Кейде қыздарға ата-ананың ыстық ықыласы жетпей жатады. Жасөспірім балалардың өмірінде қарым-қатынастың маңызы зор. Қарым-қатынас арқылы балалар қоғамның және әлеуметтік ортаның әдептілік нормалары мен қағидаларын меңгереді. Клубтың құрудың өзектілігі заманауи қоғамдағы қыздардың теріс қылықтары себеп болды. Жыныстық саладағы аурулардың көбеюі, жоспарланбаған ерте жүктілік, түсік тастау, психобелсенді заттектерді қолдану, қылмыс белсендіктің өсуі байқалады.

Мақсаты: жасөспірім қыздарды әлеуметтендіруде психологиялық-педагогикалық қолдау үшін жағдай жасау.

Міндеттері:

1) жасөспірім қыздарда ұлттық бірегейлікті сақтау үшін салт - дәстүрлерді зерттеу арқылы рухани құндылықтарды қалыптастыру;

2) әлеуметтік – құқықтық және психологиялық құзыреттілікті дамыту үшін жағдайлар жасау; жасөспірім қыздардың психологиялық кешендерін жеңуге ықпал ету;

3) денсаулықты нығайтуға ықпал ететін саламатты өмір салтын насихаттауға, медициналық-гигиеналық білім бойынша хабардарлық деңгейін арттыруға, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауды, аурулардың алдын алуы қалыптастыруға;

4) жасөспірім қыздарға қазіргі заманғы қыздың, отбасы ошағының болашақ ұйытқысы – ананың имиджін қалыптастыру мәселелерінде консультациялық көмек көрсету;

5) психосексуалдық денсаулық саласындағы жасөспірімдер қылмысының алдын алуына жәрдемдесу болып табылады;

6) медициналық мекемелердің, қоғамдық бірлестіктердің өкілдерімен, СӨС₄₃

орталығымен, кәметке толмағандардың істері жөніндегі комиссияның өкілдерімен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты ұйымдастыру.

Клуб өз қызметінде келесі принциптерге сүйенеді:

- әр студенттің жас және жеке басының ерекшеліктерін есепке алу;
- мейірімді психологиялық климат;
- іс-шараларды ұйымдастыруға жеке-белсенді көзқарас;
- жұмысты ұйымдастырудың түрлері мен әдістерінің оңтайлы үйлесімі және олардың қызметін тиімді қолдану;
- адамгершілік, ашықтық, қолжетімділік.

Қызмет мазмұны

- Клуб өз қызметін тегін ерікті негізде жүзеге асырады.
- Клуб мүшелерінің мүдделерін ескере отырып, Клуб өз қызметінің бағдарламасын өз бетімен әзірлейді.
- Клуб жыл бойы жұмысты ұйымдастырады.

Сабақтарды өткізу формалары:

- психологиялық тренингтер
- топтық пікірталастар;
- сауалнама;
- фильмдер мен бейнероликтерді көру және талқылау;
- «Студенттік парламент» клубының мүшелерімен тақырыптық кездесулер және жеке әңгімелесулер;
- медицина орталықтарының мамандарымен кездесулер.

Күтілетін нәтижелер: Жасөспірім қыздардың өз денсаулығы мен қоғамдағы мінез-құлқына оң көзқарасы, қарым-қатынас дағдыларын дамыту және өзіне деген сенімділікті нығайту, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу, тұлға ретінде өсу, шығармашылық әлеуетті, ұлттық салт-дәстүрлерді зерттеуге қызығушылықты дамыту, ұлттық мәдениетке, халық тарихына деген сүйіспеншілікке баулу.

5.5. Дене шынықтыру мен спортты дамыту, үйірмелер.

Колледжішілік үйірмелердің, клубтардың негізгі мақсаты: Қазіргі қоғамдық ортада азаматтық ұстанымдары бар, өзара қарым-қатынас мәдениетін меңгерген, өмір дағдыларына бейім, жан-жақты дамыған, үйлесімді тұлға тәрбиелейтін ынтымақты орта құру.

Міндеттері:

- Елін, Отанын сүйетін, құрметтейтін тұлға қалыптастыру;
- Ұлағатты ата-әже, қайсар әке, мейірімді ана келбетін насихаттай отырып, отбасы тәрбиесін нығайту;
- Тарихи, дара тұлғалардың ерекше қасиеттерін талдау арқылы қазақ ұлының, қазақ қызының жиынтық бейнесін қалыптастыру;
- Құқықтық сауаттылық және мәдениетін қалыптастыру;
- Ұрпаққа ұлттық тәрбиені дәріптеу;
- Кез-келген ортада тіл мәдениеті мен шебер сөйлеуді дамыту;
- Сұлулық пен денсаулықты сақтаудың, салауатты өмір сүрудің басты қағидаларын ұстануды үйрету;
- Қоғамдағы білім беру және тәрбие мәселелерін ұштастырып, 4

өмірлік дағдыларды меңгерту;

- Ұрпақты отбасы өміріне даярлау.

Оқу жылының басында жастар арасында бұқаралық спортты дамыту және білімгерлердің бос уақытын тиімді өткізу мақсатында білімгерлердің түрлі спорттық секцияларға қатысуын қамтамасыз ету үшін әр топ жетекшілер тарапынан қатысатын білімгерлердің тізімі анықталып бекітуге ұсынылады. Жастар арасында бұқаралық спортты дамыту мақсатында спорттың 5 түрінен (футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, шахмат, тоғызқұмалақ) секциялар жұмыс жүргізіледі және білімгерлердің бос уақытын тиімді өткізу барысында клубтар мен 8 пәндік үйірмелер жұмыс жүргізіліп оған 250 білімгер тартылды. Атап айтсақ: «Құқық мектебі», «Парасат» дебат клубы, «Саналы ұрпақ» ұйымы, «Мейірімді жүрек» т.б. үйірмелері. Осы аталған клубтар мен үйірмелердің тиімді жұмыс істеуінің арқасында колледж білімгерлері мен оқытушыларының бірлесе отырып жастар тәрбиесін қалыптастыру және патриоттық тәрбиені жақсарту мақсатында жоспарланған мәдени іс-шаралары өз деңгейінде өткізілуде. Білімгерлердің бос уақытын ұйымдастырылуы (колледждегі немесе колледжден тыс үйірме, спорттық секцияларға тартылғандар саны).

5.7. Жастар ісі жөніндегі комитетінің 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмысы

Мақсаты:

- колледжде жастар қозғалысын дамыту мен таныту;
- колледж жастарының белсенді және мүдделі өкілдерін жастар қозғалысына тарту;
- жоғары патриоттық және жауапкершілік пен моральдық рухта жастарды тәрбиелеу;
- жастардың шығармашылық және ғылыми қызмет ету потенциалын дамыту.

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу мынадай ***міндеттерді*** іске асырады:

- салауатты өмір салтын қалыптастыру;
- құқықтық мәдениетті арттыру және жастар бойында мемлекеттіліктің негіз қалаушы құндылықтарына деген құрмет қалыптастыру;
- жастарды мәдени құндылықтарға тарту;
- жастардың азаматтық және патриоттық сезімдерін өздігінен дамытуын ынталандыру;
- жастар арасында моральдық-рухани сабақтастықты қамтамасыз ету;
- мемлекеттік жастар саясатын іске асыруға тарту.

Күтілетін нәтиже:

Жастармен өзара іс-қимыл жасаудың барлық тетіктері тұрақты даму процесінде болады, бұл ретте мемлекеттік жастар саясатының нормативтік- құқықтық қамтамасыз етілуін жетілдіру басым бағытқа айналады.

Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымының 2023-2024 жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

№	Жоспарланған іс-шаралар	Өткізілу мерзімі	Жауаптылар
1	Жастар ісі жөніндегі комитетінің жылдық жоспарын құру, бекіту	қыркүйек	Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
2	Білім күніне арналған іс-шара (онлайн түрде) өткізу		Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
3	Жаңадан қабылданған студенттерді колледж Жарғысымен, ішкі тәртіп ережесімен таныстыру		Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Топ жетекшілері
4	Ішкі істер басқарма қызметкерлерімен бірлескен жиналыс өткізу (ұлдармен жиналыс)		Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
5	Бірінші курс студенттерін Жастар ісі жөніндегі комитетінің қызметімен таныстыру, ұйымға мүше болып қабылданудың тәртіптерін түсіндіру		Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы топ басшылары
6	Діни экстремизм мен терроризмінің алдын алу мақсатында «Заманауи білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысын тиімді ұйымдастырудың өзектілігі» кездесу ұйымдастыру		Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
7	Ішкі істер бөлімінің қызметкерлерімен кездесулер өткізу	жыл бойы	Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
8	«Таза аула» атты сенбіліктер ұйымдастыру	әр айдың сенбі күндері	Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Акишев Е.М. ДШЖО
9	Жастар ісі жөніндегі комитетінің отырысын өткізу	әр айдың алғашқы дүйсенбісі	Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
10	Жаңа қабылданған студенттерден «Студенттік өмір» атты сауалнама алу	қыркүйек-қазан	Колледж психологы Топ жетекшілері
11	Сабақтан себепсіз қалатын, кешігетін, тәртіп бұзатын білімгерлермен жұмыс жүргізу (жастар ұйымының отырысына шақыру, түсініктемелер алу т.б.)	үнемі	Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
12	Педагогтар күніне арналған салтанатты жиын, мерекелік кештің өтілуіне атсалысу. Оқытушыларды таңертеңгілік қарсы алу	қазан	Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
13	«Рухани жаңғырудың жарқын жолы - өнер» атты дәстүрлі таланттылар байқауын, би кешін өткізу	қазан-қараша	Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
14	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Студенттік өмір» атты сауалнама алу	желтоқсан-қаңтар	Колледж психологы Топ жетекшілері
15	«Кешкі мезгіл» атты рейд ұйымдастыру	жыл бойы	Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
	Халықаралық студенттер күніне арналған мерекелік іс-шараны онлайн		Тәрбие бөлімі

16	өткізу, жаңа оқу жылында қабылданған студенттерді салтанатты түрде студенттер қатарына қабылдау	қараша	Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы 4 курс студенттері
17	17 қараша – Дүниежүзілік темекіден бас тарту күніне орай «Жастар темекіге қарсы!» атты акция ұйымдастыру		Колледж медбикесі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Топ жетекшілері
18	Құқықтық мәселелер бойынша заң қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру	жыл бойы	Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
19	1 желтоқсан - Президент күніне орай колледжішілік іс – шаралардың өткізілуіне атсалысу	желтоқсан	Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
20	1 желтоқсан – дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күніне орай «Бәріміз бірге СПИД-ті жеңеміз!» атты акция ұйымдастыру		Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Колледж медбикесі
21	Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне арналған «Болашақты нұрландырған – Тәуелсіздік» атты кеш ұйымдастыру		Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
22	«Кел, Жаңа жыл, жаңа жыл!» атты мерекелік кештерді өткізу		Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
23	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресу-менің міндетім!» тақырыбында сауалнама	желтоқсан-қаңтар	Колледж психологы Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
24	«Кешкі мезгіл» атты рейд ұйымдастыру	жыл бойы	Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
25	Мұқағали апталығына байланысты өтілетін іс-шараларды ұйымдастырып, өткізілуіне атсалысу	ақпан	Гуманитарлық білім беру бөлімі ЖІК
26	Тәртіп бұзушылықтың алдын-алу мақсатында құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру		Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
27	8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне арналған салтанатты жиынның мерекелік концерттің өтілуіне атсалысу	наурыз	Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
28	«Колледж аруы - 2020» атты байқау өткізу		Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
29	«Қош келдің, өз Наурыз!» атты мерекелік шараны өткізу		Тәрбие бөлімі ЖІК, топ жетекшілері
30	15-сәуір ғашықтар күніне орай «Махаббат-тәтті сезім, аяулы арман» атты мерекелік кеш өткізу	сәуір	Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы ЖІК мүшелері
31	Салауатты өмір салтын насихаттау мақсаты мен медицина қызметкерлерімен кездесу ұйымдастыру	жыл бойы	Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы Колледж медбикесі
32	Тазалық айлығының өтілуін қадағалау	әр айдың сенбі күндері	Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы 47

			Акишев Е.М. ДШЖО
33	1 мамыр – Қазақстан халықаралық бірлігі күні, 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған қалалық мерекелік шеруге қатысу	мамыр	Тәрбие бөлімі ЖІК, топ жетекшілер, білімгерлер
34	Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне «Ұрпақтар диалогы» атты акция барысында ардагерлерге үй шаруасына көмектесу		Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы ЖІК мүшелері
35	«Жас Ұлан» атты 1 курс студенттері арасында дәстүрлі әскери-спорттық байқау өткізу		Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы АӘД оқытушысы
36	Рәміздер күніне арналған «Мемлекеттік рәміздер –елдігіміздің реңі, теңдігіміздің тірегі» атты мерекелік шара өткізу	маусым	Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
37	Бітіруші топтарға диплом тапсыру салтанатты жиынның өтілуіне атсалысу		Тәрбие бөлімі Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы
38	Жалпы жастар ұйымының қорытынды жиналысын өткізу		Жастар ісі жөніндегі комитет төрайымы

5.8. Дебат клубының жұмысы

«Пікір-сайыс – сөз додасы» - білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы үйірме. Студенттер мен оқытушылардың да пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікір-сайыстарға дайындық барысында студенттер белгілі – бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама – қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Олар жақтау және даттау топтарының кейістері. Осының нәтижесінде студенттер кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан студенттерді, сонымен қатар парламент мүшелерін бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жіңішке стратегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікір- талас, талқылау, дискуссия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараған және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір-сайыстыратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес. Пікір – талас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әр түрлі болуы заңды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендіруге мүмкіндік алады. Қысқасы, ақиқаттың ең озық таразысы көзқарастар бәсекесі. Бағдарлаәдебиет, тарих пәндеріндегі заман өзгеріснің өзіндік жаңаша көзқарасын сұрап тұратын тақырыптар көптің қасы. Пікір-сайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспектілерді қамтиды. Үлкен додалар өткізіп, студенттердің лидерлерін анықтауға тигізер

септігі бар.

Өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын өткізуге сенімді тұлға қалыптасуына септігі тиеді. Әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлау былай тұрсын, оның тарихы, маңыздылығы, өміршеңдігі, пайдасы мен зиянында таразылай алатын дәрежеге жеткізеді. Білім беру бағдарламасының жан-жақты, тереңдетілген жайын ашады. Пікір-сайыс әдеттегі пән олимпиадалары секілді. Жүйемен өткізілетін әр түрлі деңгейдегі пікір-сайыс бәсекелері арқылы жүзеге асыруға болады.

Олимпиадаларда студенттер тек бір пән бойынша ғана білімдерін көрсете алса, пікір – сайыстарда олар жан – жақты, әр түрлі салалардағы білімдерін көрсетіп, жетілдіре алады. Пікір – сайыстардың әдеттегі олимпиадалардан айырмашылығы да, артықшылығы да осында. Үйірме студенттің тұлға, азамат ретіне жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етуі сөзсіз. Сонымен бірге пікір – сайыс бағдарламасы жаңа орта білім беру жүйесінің идеяларымен толық үйлеседі деуге де негіз бар.

Үйірменің мақсаты:

Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Колледж студенттерін үйірмеге тарту. Колледжішілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Колледж намысын қорғайтын үздік студенттерді анықтау. Колледж студенттерін колледжаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Дамытушылық: Шығармашылық жұмыстар орындату арқылы студенттердің ой-өрісін, жоспар құру, тезиз жазу.

Үйірменің міндеттері:

- Студенттердің шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Студенттер арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- Студенттердің сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру
- Студенттердің жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу
- Студенттерді коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу
- Студенттің өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін жіне өзгені бағалай білуге үйрету
- Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриотымыз.
- Білікті, оқу – тәрбие беру.

- Колледждің үздік студенттерін анықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру.

Күтілетін нәтиже:

- Колледж студенттерінің бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.
- Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;
- Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;
- Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді
- БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады
- Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады
- Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

«Парасат» дебат клубының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

№	Атқаратын іс-шаралар тақырыбы	Өтілу түрі	Өтілетін мерзімі	Жауаптылар
1	Колледжішілік құрылған «Парасат» дебат клубының жылдық жұмыс жоспарын дайындау	Жиын	қыркүйек	клуб мүшелері
2	Клуб төрағасын (<i>төрайымы</i>) сайлау	Жиын	қыркүйек	клуб мүшелері
4	Клубтың жұмыс жоспарымен жастарды таныстыру	Дөңгелек үстел	қыркүйек қазан	клуб мүшелері
5	Жалпы колледж студенттері арасында жиналыс өткізу	Жиын	қазан	клуб мүшелері
6	Мемлекеттік тіл-менің тілім	Шығарма байқауы	қыркүйек	клуб мүшелері
7	Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам	Кездесу	қыркүйек	клуб мүшелері
8	Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария	Сыр-сұқбат	қазан	клуб мүшелері
9	Тұғырлы Тәуелсіздікке 30 жыл	Кездесу	қазан	клуб мүшелері
10	Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ	Дөңгелек үстел	қараша	клуб мүшелері
11	Елдіктің жеті тұғыры	Дөңгелек үстел	қараша	клуб мүшелері
12	Менің туым-менің Қазақстаным	Флешмоб	желтоқсан	клуб мүшелері
13	Спорт бейбітшілік елшісі	Спорттық ойын	желтоқсан	клуб мүшелері
14	Тәуелсіздік елімнің ерлік жолы	Кездесу	желтоқсан	клуб 50

				мүшелері
15	Дені саудың жаны сау	Кіші футбол	желтоқсан	клуб мүшелері
16	Діни сауаттылық –болашақтың кепілі	Семинар	қаңтар	клуб мүшелері
17	Спорт денсаулық кепілі	Спорттық ойын	ақпан	клуб мүшелері
18	М.Маметова, Х.Доспанованың 100 ж. орай «Батырларға деген құрмет, тарихқа деген құрмет»	Пікірталас	наурыз	клуб мүшелері
19	Мемлекуеттік рәміздер-елдігіміздің тұғыры	Дөңгелек үстел	сәуір	клуб мүшелері
20	«Парасат» дебат клубының жылдық қорытынды отырысы	Жиын	мамыр	клуб мүшелері

5.9. Топ жетекшілері кеңесінің жұмысы

Колледждегі оқу топтары тәрбие жұмыстарының орталығы болып табылады. Студенттік топтардың жұмысының нәтижелі болуының қажетті шарты - оның тәжірибелі куратор, тәрбиеші және ұйымдастырушы педагогтармен үнемі тығыз байланыста болуы. Оқу тобының кураторы – студенттің ерекше рухани кеңесшісі. Ол студенттердің оқу орнындағы оқыту әдістерін меңгеруіне көмектесуі керек, тәлімгер өзінің әрекетін студенттердің рухани – адамгершілік қасиеттерін, Отанына деген сүйіспеншілігін, өзі таңдаған мамандығына құрметпен қарауын тәрбиелеуі қажет.

Куратор директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушісінің ұсынысымен және колледж директорының бұйрығымен тағайындалады.

Кураторлық қызмет пен оның міндетін орындау – оқытушының қызметтік борышы.

Куратор жұмысы оқу орнының оқытушысы қызметінің нәтижелілігінің маңызды көрсеткіші болып табылады және оны аттестациялау мен қайта сайлауда есепке алынады. Кураторлық міндеттен босату үшін оның себептері көрсетіліп, колледж директорының бұйрығымен шешім қабылданады.

Кураторлар кеңесі өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, колледж Жарғысын, осы Ережені, педагогикалық кеңес шешімдерін, директордың бұйрықтарын, тәрбие жұмысының тұжырымдамаларын басшылыққа алады.

Кураторлардың мақсаты мен міндеттері:

Кураторлардың басты мақсаты - жастардың тұлғалық дамуының үйлесімділігін қалыптастыру, студенттерді азаматтық белсенділікке тәрбиелеу, білім алушылардың мамандықтың оқу жұмыс жоспары аясында өзін-өзі қалыптастыру және өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамыту.

Кураторлардың негізгі міндеті - оқу тобында тәрбие жұмысын ұйымдастыру, өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және студенттерді колледждің қоғамдық және шығармашылық өміріне біртіндеп тарту және білім алу кезеңі барысында білім алу бағдарламаларын меңгерту болып табылады.

Куратор тәрбие жұмысын жүзеге асыру барысында төмендегідей қызметтерді¹

атқарады:

1. Топ белсенділерін (активін) қалыптастыруға және студенттік топ пен топ белсенділері арасындағы өзара тиімді қарым-қатынастың орнауына; топтық ұйымшылдыққа, ынтымақтастыққа, қоғамдық ұйымдар және топ арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеуге ықпал етеді.
2. Топ белсенділерімен бірлесе отырып, студенттік топтың оқу жылындағы мақсаттары мен міндеттерін анықтайды. Топ белсенділерімен бірлесе отырып, колледждің оқу-тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес тәрбие жұмысының үзіліссіздігін және сабақтастығын, мақсатын сақтай отырып, оқу жылының жоспарын қалыптастырады.
3. Топ жұмысы жоспарының орындалуын қадағалайды, топ белсенділерінің қызметін үйлестіреді және колледж әкімшілігі және студенттік топ арасында байланыс орнатушы негізгі тұлға болып табылады. Ол студенттердің колледж бен қоғам өміріне қатысуын жандандыру үшін қоғамдық ұйымдармен ұдайы байланыста болады.
4. Топ студенттеріне оқу-тәрбие үдерісіне қатысты директордың бұйрықтары мен өкімдері туралы ақпарат береді. Студенттерді ішкі тәртіп ережелерімен, колледж Жарғысымен және ұйымдастырушылық құрылымдарымен таныстырады. Колледжде және бөлімдерде өткізілетін байқаулар, конференциялар, жарыстар, олимпиадалар туралы хабар береді. Колледждегі және бөлімдегі топтар мен студенттердің жұмысының үздік тәжірибесін насихаттайды.
5. Колледж әкімшілігіне, қоғамдық ұйымдарға студенттердің мүдделері, талаптары, ұсыныстары туралы ақпарат береді.
6. Қажет болған жағдайда студент жастардың әлеуметтік-психологиялық мәселелері негізінде студенттерге психологиялық қолдау және көмек көрсетілуін ұйымдастырады.
7. Студенттердің өмірі мен тұрмыс жағдайларын және олардың мұқтаждықтарын зерттеп, жекелеген студенттердің тұрмыстық жағдайларын
8. жақсарту мақсатында көмек ұйымдастыру (оларды студенттер жатақханасына орналастыру, т.б.), студенттердің ата-аналарымен байланыста (мүмкіндігіне қарай кездесіп тұрады) болады.
9. Азаматтық, адамгершілік, эстетикалық, кәсіби және мәдени, спорттық және көпшілік жұмыстары бөлімдері бойынша өткізілетін нақты іс-шараларды анықтайды.
10. Жастардың патриотизмін арттыра отырып, студенттердің азаматтық белсенділігінің қалыптасуына ықпал етеді, болашақ мамандардың азаматтық, құқықтық және кәсіби ой-пікірінің қалыптасуына қатысады.
11. Жастардың салауатты өмір салтын қадағалауына ықпал етеді, ішімдік, темекі шегу, нашақорлықтың алдын алу бағытындағы іс-шараларды ұйымдастырады.
12. Құқық бұзушылықтың және студенттік ортадағы деструктивтік саяси құбылыстардың алдын алу бойынша іс-шаралар өткізеді.
13. Студенттердің колледжішілік, бөлімдер арасындағы байқауларына, олимпиадаларына, ғылыми семинарларына, конференцияларына және қоғамдық ұйымдардың басқа да іс-шараларына қатысуын жандандыруға ықпал етеді.

14. Студенттік өзін-өзі басқару, студенттер құрылыс жасағының қозғалысына, клубтарға, қоғамдық бірлестіктер және ұйымдардың жұмысына қатысуына ықпал етеді.
15. Бос уақытты тиімді өткізу формалары мен әдістері туралы студенттерге ақпарат таратылуын ұйымдастырады.
16. Студенттердің өздері таңдаған мамандықтарына қызығушылықтарын арттыруға ықпал ететін тақырыптық іс-шаралар ұйымдастыруға қатысады.
17. Өзі жетекшілік ететін топ студенттерінің ата-аналарымен тығыз байланыс орнатып, студенттердің тәртібін және үлгерімін бақылайды.
18. Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырады. Үлгерімі мен тәжірибе жинақтауына бақылау жасап, студенттердің сабаққа қатысудағы енjarлықтары мен нашар үлгерімдерінің себептерін анықтайды.

Бірінші курстың кураторы міндетті:

1. Студенттерді сабақ басталған соң бір айдың ішінде колледж Жарғысымен және құрылымымен, ішкі тәртіп ережелерімен таныстыруы және аталған міндеттерді студенттердің орындауын құжатпен рәсімдеуі тиіс.
2. Колледждегі оқу үдерісінің ұйымдастырылу ерекшелігін көрсетуге, студенттерді оқытудың ерекшеліктерімен, аралық бақылау, семестрдің қорытынды бағалары туралы таныстыруы тиіс.
3. Студенттерді өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру және орындау (жеке өзі және арнайы мамандарды тарту арқылы), еңбек және демалыс тәртібі, интеллектуалдық еңбекті орындау ережелерімен таныстыруы тиіс.
4. Студенттерді колледждің жастар ұйымдарының қызметімен және олардың қоғамдық белсенділігін қалыптастырудағы рөлімен, студенттердің әлеуметтік қорғалуымен (жеке өзі және арнайы мамандарды тарту арқылы) таныстырылуы тиіс.
5. Колледждің, бөлімнің, мамандықтың тарихымен, міндетімен және болашағымен, оқытушылармен, үздік студенттерімен таныстыруы тиіс.
6. Студенттерге оқу орнына, жатақхана өміріне бейімделуіне, қоғамдық қызметтерге атсалысуға көмек көрсетуі тиіс.

Куратордың құқығы

1. Колледждегі және бөлімдегі тәрбие жұмысының жоспарын, студенттердің мүдделері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оқу тобындағы тәрбие жұмысының міндеттері мен мақсаттарын жүзеге асырудың әдістері мен құралдарын, формасын өз бетінше таңдауға;
2. Колледждің және бөлімнің барлық әкімшілік және қоғамдық ұйымдарына студенттердің тұрмыстық-мәдени жағдайын, тәрбие, ғылыми-зерттеу және оқу жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар беруге;
3. Алдын ала оқытушылармен келісе отырып, топта өткізілетін дәрістерге, семинарларға, практикалық және басқа да сабақтарға қатысуға;
4. Барлық пәндер бойынша ағымдық, аралық және қорытынды бақылау өткізу тәртібінің қадағалануын тексеруге;
5. Топ студенттерінің ата-аналарымен және туыстарымен байланыс жасау үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалануға;

6. Топтағы және жекелеген студенттерге қатысты барлық мәселелерді талқылауға қатысуға;
7. Әрбір студент туралы электронды базаға енгізілетін ақпараттың дұрыс толтырылуын қадағалауға;
8. Студенттерді мадақтауға, жатақханаға орналастыруға және шығаруға ұсыныс жасауға;
9. Әлеуметтік жағынан аз қамтамасыз етілген студенттерге көмек беру үшін әкімшілік пен кәсіподақ ұйымына ұсыныс жасауға;
10. Студенттерді оқу, педагогикалық және өндірістік тәжірибе жинақтау үшін мекемелермен байланыс жасауға;
11. Оқу тобында оқу-тәрбие процесінің бір қалыпты жүргізілуіне кедергі жасайтын студенттерге жан-жақты әсер етуге;
12. Студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысуға, олардың қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге, топ студенттерін аталған органдар жұмысына барынша белсенді тартуға, студенттік өзін-өзі басқару органдарына сайлау үшін студенттер кандидатурасын ұсынуға құқы бар.

Куратор келесідей құжаттарды жүргізуі тиіс:

- тәрбие жұмысының жоспары;
- кураторлар журналы;
- есептер: ағымдағы ақпарат (ай сайын), тоқсандық және жылдық

Куратордың жауапкершілігі

Куратор бөлім меңгерушісі бекіткен, директордың оқу жұмысы және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларымен келісілген, оқу тобындағы оқу-тәрбие жұмысы бағдарламасының орындалуына жауап береді.

Кураторлар кеңесі басқармасының құрылымы

Колледждің кураторлар кеңесі мынадай құрамда қалыптасады:

- Кеңес төрағасы – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
- Кеңес төрағасының орынбасары - педагог-психолог ;
- Кеңестің хатшы-мүшесі;
- Кеңес мүшелері - кураторлар, студенттік өзін-өзі басқару, жастар ісі жөніндегі комитет, педагог-психолог, кәсіподақ комитетінің төрағасы, колледж оқытушылары.

Кураторлар кеңесінің төрағасы:

- Кураторлар кеңесіне жалпы жетекшілік етеді;
- Кураторлар кеңесі қабылданған шешімдердің орындалуын жүйелі түрде тексеруді ұйымдастырады;
- Кураторлар кеңесінің құрамын және оның өкілеттіктерін өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді.

Кураторлар кеңесі төрағасының орынбасары:

- Кураторлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оқу жылына арналған жұмыс жоспарын әзірлейді;
- кураторлық жұмысты әдістемелік сүйемелдейді;
- колледжде жүргізілетін тәрбие жұмысы мен кураторлық жұмыстың күйі 4

туралы ақпаратты талдайды, кураторлардың бір жыл ішіндегі қызметі туралы есеп құрастырады;

- Кураторлар кеңесінің отырыстарын дайындау бойынша жұмыс жүргізеді;
- Кураторлар кеңесінің отырысына құжаттардың, шешімдер жобаларының, мәселелердің уақытыл шығарылуын бақылайды.

Хатшы мынадай құжаттаманы жүргізеді:

- кураторлар кеңесінің мүшелерінің тізімін;
- жылдық жұмыс жоспарын;
- кеңес отырыстарының хаттамаларын;
- кураторлардың тәрбие жұмысына қатысты нұсқамалық-әдістемелік құжаттар;
- жылдық есепті.

Өзгерістер енгізу тәртібі

Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі ұсыныстар білім беру үдерісінің барлық қатысушыларынан: оқытушылардан, студенттерден және т.б. келіп түсуі мүмкін. Осы Ережеге өзгерістер енгізуді бөлім меңгерушілері, директор орынбасарлары, оқу-тәрбие жұмысына қатысы бар өзге тұлғалар мен алқалық органдар ұсына алады.

5.10. Қамқоршылық кеңесі жұмысының орындалуы «Қамқоршылық» кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

№	Атқарылатын іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1.	«Қамқоршылық» кеңесін құру, мүшелерін сайлау, жоспарын бекіту	Қыркүйек	Тәрбие бөлімі
2.	Колледж бойынша әлеуметтік қамқорлыққа алынатын студенттердің тізімін топ жетекшілерімен бірлесе анықтау және әлеуметтік диагностика жасау: тұл жетім, жартылай жетім, оралман, көпбалалы, оралман және аз қамтамасыз етілген отбасы балалары	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог Топ жетекшілері
3.	Колледж әкімшілігімен және топ жетекшілерімен бірлесе ҚР «Баланың құқығы туралы» заңы мен БҰҰ «Баланың құқықтары туралы» халықаралық конвенцияны және ҚР «Неке және отбасы Заңын» талқылау	Қыркүйек	Колледж кітапханашысы Педагог-психолог Топ жетекшілері
4.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің үйлеріне тұрғын-жай актісін жүргізу, атында мүлкі бар немесе жоқтығын, оның сақталуын анықтау	Жылына 2 рет	Педагог-психолог Кеңес құрамы
5.	Аз қамтамасыз етілген отбасы, көпбалалы отбасы және жартылай жетім студенттердің үйлеріне тұрғын-жай актісін жүргізу	Жылына 1 рет	Педагог-психолог Топ жетекшілері
	Жетім және ата-анасының		Педагог-психолог

6.	қамқорлығынсыз қалған студенттерді бақылау және әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізу	Қазан	Топ жетекшілері
7.	Аз қамтамасыз етілген студенттермен әлеуметтік-психологиялық диагностикалық жұмыстарын атқару	Қараша	Педагог-психолог Топ жетекшілері
8.	«Қайырымдылық – адамгершілік белгісі» атты қайырымдылық акциясын ұйымдастыру	Қараша	Тәрбие бөлімі
9.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттерге жаңа жылдық мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру	Желтоқсан	Педагог-психолог Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
10.	Тәрбиесі қиын және құқықбұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар атқару	Қаңтар	Педагог-психолог Топ жетекшілері
11.	«Мен және Заң» тақырыбы бойынша жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттермен дөңгелек үстел өткізу	Ақпан	Педагог-психолог Директордың тәрбие ісі жөніндегі
12.	Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының бос уақытын қалай өткізетіндігі жөнінде «Менің қызығушылығым» тақырыбында сауалнама жүргізу	Наурыз	Педагог-психолог Өзін-өзі тану пәнінің оқытушысы
13.	Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттердің қамқоршыларымен әңгіме өткізу, есебін алып тұру	Жылына 2 рет	Педагог-психолог
14	«Сенім» телефоны және Сенім жәшігі жұмысын ұйымдастыру	Мамыр	Тәрбие бөлімі

6. ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ОҚУ – ӨНДІРІСТІК ІС – ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ.

Қазіргі таңда, колледжде 36 жалпы білім беретін және арнайы пән оқу кабинеттері, 2 зертхана, 2 шеберхана жұмыс жасайды. Барлық оқу кабинеттері жиынтықтаушы интерактивті жабдықтармен (компьютерлермен, қажетті шкафтармен, стендтермен, жиһазбен, сонымен қатар оқытушының жеке компьютерімен) жабдықталған. Шеберлердің жұмыс жоспарлары, паспорттаушылары мен өткізу қабылдау актілері бекітілген. Сонымен қатар, барлық зертханаларда өткізілетін зертханалық жұмыстарға студенттерді жіберу жөніндегі ТҚ журналдары арналып, беттеліп, түптеліп, арнайы қолмен, мөрмен рәсімделіп қойылған. Барлық оқу кабинеттері мен оқыту шеберханаларында ТҚ ережесі мен мүліктер тізбесі жасалынып, бекітілген.

6.1. ОҚУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН МЕКЕМЕЛЕРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ.

Оқу тәжірибелерін мекемелермен байланыстыру — бұл білім беру мен кәсіптік тәжірибені интеграциялау арқылы студенттердің практикалық


дағдыларын дамытуға арналған тиімді әдіс. Мұндай тәжірибе студенттердің оқу үдерісінде теориялық білімдерін тәжірибеде қолдануға мүмкіндік береді. Оқу орындары мен мекемелер арасындағы бұл байланыс білім сапасын арттырып, студенттердің болашақта жұмысқа орналасуына үлкен көмек көрсетеді. Студенттердің іс-тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруда оқу процесінің кестесіне сәйкес, оқу-танысу тәжірибелерінің бірінші бөлігі колледжбен 3-жақты келісім-шартқа отырған мекемелердің құрылымдары, өндіріс алаңдары мен техникалық қызмет көрсету орталықтарының жұмыстары таныстырылса, тәжірибенің екінші бөлімінде мамандықтар бойынша алынған заманауи қондырғыларды орналастыруда, іске қосуда жүргізіліп жатқан жұмыстармен таныстырылды.

6.2. ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ


Өндірістік тәжірибе — бұл студенттерге кәсіптік білім алу барысында теориялық білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік беретін маңызды кезең. Ол білім беру процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және студенттерге нақты жұмыс ортасында кәсіби дағдыларды дамытуға, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы колледж бойынша 2023-2024 оқу жылының 1 семестрге 8 топта 2 оқу, 2 өндірістік оқыту, 1 кәсіптік, 4 өндірістік, 2 педогогикалық, 2 семестр бойынша 16 топта 10 кәсіптік, 8 өндірістік және 3 дипломалды тәжірибелері өткізілді. Дуальды оқыту технологиясымен 2023-24 оқу жылының басында 7 мамандықтың 7 біліктілігі бойынша оқып жатқан 135 студентпен 9 мекеме 3-жақты келісім-шарттар жасалып, облыстық кәсіпкерлер палатасымен тіркелген. Жалпы дуальды оқыту бойынша пайыздық көрсеткіш 37 пайызды көрсетіп отыр. Барлық келісім-шарттар дуальды оқытуды ұйымдастыру қағидалары негізіндегі ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 21 қантардағы №50 бұйрығы негізінде жасалып, барлық талаптар осы бұйрық негізінде орындалады. Кәсіптік тәжірибеге келетін болсақ, жалпы колледж бойынша оқу процесінің кестесіне сәйкес барлық өндірістік, технологиялық, дипломалды іс-тәжірибелерін сапалы өткізу мақсатында екі жақты келісім-шарттар жасалған. барлық тәжірибелер «Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар кестесі» мен «Кәсіптік практикадан өтуі туралы күнделік есеп» және жолдама ҚРБЖҒМ 2016 жылғы 29 қантардағы №107 бұйрығының 1-ші, 2-ші, 3-ші қосымшаларында көрсетілген үлгілік талаптар негізінде жүргізіледі. Колледждің оқу процесінің графигіне» сәйкес 2023-24 оқу жылының 1-ші және 2-ші семестрлерінде жоспарланған «өндірістік» және «технологиялық» тәжірибелерінің қорытынды есептері бойынша тексерілді. Тексеру барысында 1 семестрде 11 тәжірибенің, 2-ші семестрде 21 тәжірибенің тәжірибеден өту жөніндегі мекемеден жетекшінің бекітілгені жөнінде бұйрықтың шығарылғаны, «Бағыт-бағдар беру», «Қорытынды есеп» хаттамалары толтырылғаны, тәжірибе жетекшісінің күнделіктерінің жүргізілуі, Кәсіптік практиканың жұмыс жоспар кестесі мен бекітілуі, кәсіптік практикадан өту туралы күнделік – есептері бекітілгені, толтырылғаны, есепте, күнделікте тиісті қолдардың қойылғаны, тиісті мөрлердің басылғаны, тәжірибе барысында түскен видеороликтердің «Қорытынды есепті қорғауда»

пайдаланылғаны, түскен фотолар есепте көрсетілгені тексерілді.

6.3. ОҚУ-ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ




«Бастауыш білім беру педогогикасы мен әдістемесі»




«Бағдарламалық қамтамасыз ету»

2023-24 оқу жылында: Үлгерім: 98,7% Сапа- 95,7%. Орташа бал – 4,1




«Сандық техника» түрлері бойынша

2023-24 оқу жылында: Үлгерім: 95 % Сапа- 95%. Орташа бал – 4




«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»

2023-24 оқу жылында: Үлгерім: 96% Сапа- 96%. Орташа бал – 4,1



«Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»

2023-24 оқу жылында: Үлгерім: 97% Сапа- 97%. Орташа бал – 4,1



Біздің әлеуметтік серіктестер:

- АҚ «БанкЦентрКредит»
- ЖШС «ӘулиеАта ТрансПасс»
- АҚ «Транстелеком»
- «Азия» жекеменшік мектебі
- «Тараз қаласы әкімдігінің тұрғын үй қатынастар бөлімі"КММ
- ЖК«Bostan Service»

		құрастырушысы		3	18	18	2025
	07161300 – Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4S07161304-Техник-механик	ЖШС «Шукралиев Ш.А»	3	15	15	2025
	07161300 – Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4S07161304-Техник-механик	ЖШС «Шукралиев Ш.А»	3	11	11	2026
5	047140500 – «Сандық техника»	4S07140504 Техник-электронщик	ЖК «Bostan Service»	3	4	4	2025
6	07140900 - Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	4S07140902 - Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі	ЖК «Bostan Service»	2	12	12	2026
7	04120100 – Банк және сақтандыру ісі	4S04120103 – Банк операциялары жөніндегі менеджер	КГУ «Отдел жилищных отношений акимата города Тараз»	2	9	9	2026
	7	10	6	2,3,4	235	235	2024-25-26

2023-24 оқу жылына «дуальды оқыту» жүйесінде оқытылатын мамандықтар жөнінде мәлімет

№	Колледж атауы	Мамандығы	Мекеме атауы	Біліктілік	Мекемедегі жетекшінің (аты-жөні, байланыс телефоны)	Колледждегі жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны
1	«Білім» Кәсіби гуманитарлық-техникалық колледж	06130100 "Бағдарламалық қамтамасыз ету"	ЖК "Төкен"	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы	Төкен Қуандық Ғалымжанұлы 87472086171	Ертаева Салтанат Акебаевна 87016669307
			АҚ «Қазақтелеком»	Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы	Казиевна Назима 87716223077	Заманбек Аяулым Қайыртайқызы 87020784002
2		1201000 – Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	ЖШС «Әулие ТрансПасс»	Техник-механик	Айдын Аманович Қонысбаев 87777577571	Жақанов Мереке 87051565236
			ЖШС «Шукралиев Ш.А»	Техник-механик	Шукралиев Анвар	Жақуда Балжан Талғатқызы

				Шукралиевич 87014025652	87783271597
3	01140100 "Бастауыш білім беру педогогикасы мен әдістемесі"	"Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Тараз қ.білім бөлімінің №6 орта мектебі"КМ	Бастауыш білім беру мұғалімі	Нұрғазиев Еркем Ұйқасович 87085266889	Сағындыққызы Қаракөз 87766022268
4	07140500 "Сандық техника"	ЖК «Bostan Service»	Техник-электронщик	Бостанав Эльдар 87054032695	Құмарқұлова Айдана Шоқанқызы 84743084806
5	07140900 "Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар"	ЖК «KRAFT PASC»	Телекоммуникациялық байланыс жүйелер технигі	Альмаганбет Жанель 87471254879	Молдакримов Берік 87059958585
6	04120100 – Банк және сақтандыру ісі	КГУ «Отдел жилищных отношений акимата города Тараз»	Банк операциялары жөніндегі менеджер	Сыздыкова Алмагул 87752132524	Жаксылыкова Айнур Абдыкадыровна 87713317209

2023-2024 оқу жылының I семестрінде оқу топтарында жүргізілген өндірістік, кәсіптік, технологиялық және педогогикалық іс-тәжірибелерінің тексеру қорытындысы.

№	Топ атауы	Өту аралығы	Жетекшісі	Саны	Тексеру кемшіліктері
1	ЗББ-21	09.09.2023-21.09.2023	Сағындықызы Қ	31	Есептері талапқа сай орындалмаған, мазмұнында бет саны, нөмірі көрсетілмеген. Жалпы есепті безендіру, парақ параметрлері сақталмаған. Күнделік толық толтырылмаған.
2	4ББ-1-20	20.10.2023-30.11.2023	Сағындықызы Қ	25	+
3	4ББ-2-20	20.10.2023-30.11.2023	Сағындықызы Қ	18	Есептің жазылуы талапқа сай емес. Кіріспе, қорытынды бөлімдері қарастырылмаған. Парақтардың реттік номерлері қойылмаған Барлық студент есептері бірдей
4	2БҚ-1-22	29.09.2023-26.10.2023	Заманбек А.Қ.	23	+
5	2БҚ-2-22	27.10.2023-23.11.2023	Заманбек А.Қ.	24	Студенттердің күнделіктерінде тиісті қолдар қойылмаған, фотосуреттер астында сипаттамалар жазылмаған, бірқатар есептерде қорытынды жазылмаған.
6	3БҚ-1-21	01.12.2023-11.01.2024	Ертаева С.А.	20	Мазмұнында парақтар нөмірі көрсетілмеген. Басты бетте комиссия құрамының аты жөні жазылмаған.
7	4ЕТ--20	08.09.2023-16.11.2023	Ертаева С.А.	20	Студенттердің күнделіктерінде тиісті қолдар қойылмаған, фотосуреттер астында сипаттамалар жазылмаған, бірқатар есептерде қорытынды жазылмаған.
8	3СТ-21	01.12.2023-11.01.2024	Құмарқұлова А.Ш.	18	Жалпы есепті безендіру, парақ параметрлері сақталмаған. Күнделік толық толтырылмаған.

9	3ҚҰҚ-21	29.09.2023-09.12.2023	Акибаева А.О.	17	Мазмұнында парақтар нөмірі көрсетілмеген. Басты бетте комиссия құрамының аты жөні жазылмаған.
10	4ТОР и ЭАТ-20	06.10.2023-19.10.2023	Жақанов М.	20	Есептері талапқа сай орындалмаған, мазмұнында бет саны, нөмірі көрсетілмеген. Жалпы есепті безендіру, парақ параметрлері сақталмаған.
11	3БСД-21	24.11.2023-04.12.2024	Жаксылыкова А.А.	18	Есептері талапқа сай орындалмаған, мазмұнында бет саны, нөмірі көрсетілмеген. Жалпы есепті безендіру, парақ параметрлері сақталмаған.

2023-2024 оқу жылының II семестрінде оқу топтарында жүргізілген өндірістік, кәсіптік, педогогикалық, технологиялық және дипломдық іс-тәжірибелерінің тексеру қорытындысы.

№	Топ атауы	Өту аралығы	Жетекшісі	Саны	Тексеру кемшіліктері
1	2ББ-1-22	26.01.2024-22.02.2024	Сағындықызы Қ	25	Басты бетте комиссия құрамының аты жөні жазылмаған.
2	2ББ-2-22	26.01.2024-22.02.2024	Сағындықызы Қ	25	Есептің жазылуы талапқа сай емес. Кіріспе, қорытынды бөлімдері қарастырылмаған. Барлық студент есептері бірдей.
3	3ББ--21	26.04.2024-20.06.2024	Сағындықызы Қ	33	Есептері талапқа сай орындалмаған, мазмұнында бет саны, нөмірі көрсетілмеген. Жалпы есепті безендіру, парақ параметрлері сақталмаған. Күнделік толық толтырылмаған.
4	4ББ--20	01.03.2024-18.04.2024	Сағындықызы Қ	20	+
5	2БҚ-1-22	24.05.2024-20.06.2024	Заманбек А.Қ.	23	Студенттердің күнделіктерінде тиісті қолдар қойылмаған, фотосуреттер астында сипаттамалар жазылмаған, бірқатар есептерде қорытынды жазылмаған.
6	2БҚ-2-22	24.05.2024-20.06.2024	Заманбек А.Қ.	24	Есептері талапқа сай орындалмаған, мазмұнында бет саны, нөмірі көрсетілмеген. Күнделіктер толтырылған. Мекеменің мөрі қойылмаған, тек жетекшінің қолы қойылған
7	3БҚ-21	26.01.2024-20.06.2024	Ертаева С.А.	20	Жалпы есепті безендіру, парақ параметрлері сақталмаған. Күнделік толық толтырылмаған.
8	4ЕТ-1-20	19.01.2024-23.06.2024	Ертаева С.А.	20	Студенттердің күнделіктерінде тиісті қолдар қойылмаған, фотосуреттер астында сипаттамалар жазылмаған, бірқатар есептерде қорытынды жазылмаған.
9	3ҚҰҚ-21	26.01.2024-06.06.2024	Акибаева А.О.	17	Мазмұнында парақтар нөмірі көрсетілмеген. Басты бетте комиссия құрамының аты жөні жазылмаған.
10	4ТОР и ЭАТ-20	26.01.2024-13.06.2024	Жақанов М	20	Есептері талапқа сай орындалмаған, мазмұнында бет саны, нөмірі көрсетілмеген. Жалпы есепті безендіру, парақ параметрлері сақталмаған.
11	3БСД-21	26.01.2024-20.06.2024	Жаксылыкова А.А.	18	Басты бетте комиссия құрамының аты жазылмаған.
12	2РЭТ-22	26.01.2024-20.06.2024	Молдакаримов Б	25	Мазмұнында парақтар нөмірі көрсетілмеген. Басты бетте комиссия құрамының аты жөні жазылмаған.

13	2ТОР и ЭАТ-22	26.01.2024-20.06.2024	Жакуда Б	20	Күнделік толық толтырылмаған					
----	---------------	-----------------------	----------	----	------------------------------	--	--	--	--	--

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ I СЕМЕСТРДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
«Өндірістік, өндірістік оқыту» бойынша I семестрі ішінде өткізілген оқу іс-тәжірибелер қорытындысы

№	Тобы	саны	Тәжірибе атауы	Тәжірибе жетекшісі	5	4	3	2	Үлгерім сапа орта бал	Тапсырмаған дар
1	3ББ-21	33	Өндірістік	Сағындықызы Қ	7	24	2	-	100-82-3,9	
2	4ББ-1-20	25	Өндірістік	Сағындықызы Қ	6	19	-	-	100-63-3,6	
3	4ББ-2-20	19	Өндірістік	Сағындықызы Қ	7	12	-	-	100-81-4	
4	2БҚ-1-22	23	Өндірістік	Заманбек А.Қ.	7	15	1	-	100-100-4	
5	2БҚ-2-22	24	Өндірістік	Заманбек А.Қ.	4	17	3	-	100-100-4	
6	3БҚ-1-21	20	Өндірістік	Ертаева С.А	4	15	1	-	100-100-4,4	
7	4ЕТ-20	22	Өндірістік	Ертаева С.А	6	14	2	-	100-100-4,7	
8	3ҚҰҚ-21	17	Өндірістік	Акибаева А.А.	5	10	2	-	100-100-4,6	
9	4ТОР и ЭАТ-20	15	Өндірістік практикасы	Жақанов М	3	12	-	-	95-95-3,9	
10	3СТ-21	4	Өндірістік	Құмарқұлова А.Ш.	-	4	-	-	95-95-3,9	
11	3БСД-21	9	Өндірістік практикасы	Жаксылыкова А.А.	2	5	2	-	95-95-4	
Саны		211			51	14	13			
Үлгерім		100				7				
Сапа		93								
Орташа балл		4,2								

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ II СЕМЕСТРДЕ ӨТКІЗІЛГЕН ІС-ТӘЖІРИБЕЛЕРДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ
«Өндірістік, өндірістік оқыту, дипломдық» бойынша II семестрі ішінде өткізілген оқу іс-тәжірибелер қорытындысы

№	Тобы	саны	Тәжірибе атауы	Тәжірибе жетекшісі	5	4	3	2	Үлгерім сапа орта бал	Тапсырмаған дар
1	2ББ-1-22	25	Өндірістік	Сағындықызы Қ	8	17	-	-	100-82-3,9	
2	2ББ-2-22	18	Өндірістік	Сағындықызы Қ	5	10	3	-	100-63-3,6	
3	3ББ--21	33	Өндірістік	Сағындықызы Қ	8	20	5	-	100-81-4	
4	4ББ--20	18	Дипломдық	Сағындықызы Қ	5	10	3	-	100-100-4	
5	2БҚ-1-22	23	Өндірістік	Заманбек А.Қ.	5	18	-	-	100-100-4	
6	2БҚ-2-22	24	Өндірістік	Заманбек А.Қ.	4	16	4	-	100-100-4,4	
7	3БҚ-21	20	Өндірістік	Ертаева С.А	5	13	2	-	100-100-4,7	

8	4ЕТ-20	22	Дипломдық	Ертаева С.А	6	14	2	-	100-100-4,6	
9	3СТ-21	18	Өндірістік практикасы	Құмарқұлова А.Ш.	7	11	-	-	95-95-3,9	
10	3ҚҰҚ-21	17	Дипломдық	Акибаева А.А.	5	11	1	-	95-95-3,9	
11	4ТОР и ЭАТ-20	15	Дипломдық практикасы	Жақанов М	6	9	-	-	95-95-4	
12	3БСД-21	18	Өндірістік	Жаксылыкова А.А.	6	10	2	-		
13	2РЭТ-22	25	Өндірістік	Молдакаримов Б	5	17	3	-		
14	2ТОР и ЭАТ-22	31	Өндірістік	Жақанов М	7	20	4	-		
Саны		307			82	196	29	-		
Үлгерім		100								
Сапа		90								
Орташа балл		4								

7. КОЛЛЕДЖІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ

7.1. Педагогикалық кеңестің жұмысы

2023-2024 оқу жылында жоспарланған 7 кеңестің отырысы өтті.

Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде негізінен мына мәселелер қаралды:

- оқу орнының материалдық-техникалық базасын нығайту;
- оқу пәндерінің оқу-әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуы;
- оқу-тәрбие және мәдени-көпшілік жұмыстары;
- білім алушылардың арасында тәртіп бұзушылықтың алдын алу және олардың құқықтық сауаттылығын көтеруді ұйымдастыру жұмыстары;
- оқу үрдісінде оқытудың инновациялық технологияларын енгізу;
- қашықтықтан және дуальды оқыту технологияларын енгізу және олардың әдістемелік-техникалық базасын қалыптастыру;
- әлеуметтік әріптестік аясында өндіріс орындарында жүргізілетін технологиялық іс-тәжірибелердің сапасы;
- білім алушылардың мен оқытушылар арасында саламатты өмірді қалыптастыруда қабылданған іс-шаралардың орындалуы;
- білім алушылардың қысқы және жазғы семестрдің қорытындысы бойынша оқу үлгерімі және сапасы.

7.2. Колледжішілік бақылау және тексеру

Есепті кезеңде колледжішілік бақылау және тексеру жұмыстары ҚР «Білім туралы» Заңы мен ҚР Президентінің «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» Заң күші бар Жаралығын басшылыққа ала отырып жүргізілді. Колледжішілік бақылау және тексеру жұмыстарының негізгі мақсаты ҚР «Білім туралы» Заңының орындалуын және оқу-тәрбие жұмыстары бойынша қабылданған іс-

шаралардың өз деңгейінде сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету.

Осы мақсатта оқу жылының басында барлық деңгейде колледжішілік бақылау жұмыстарының жоспары жасалынып бекітілді. Жоспарда педагогикалық және әдістемелік кеңестердің отырысы, арнайы жалпы білім беру пәндері бойынша апталықтар, ашық сабақтар, тәрбие сағаттары мен спорт секцияларының жұмысын, циклдік-әдістемелік комиссияларға бекітілген оқу пәндерінің оқу әдістемелік кешендік құжаттармен қамтылуын, оқу сағаттарының сапалы өтуін, білім алушылардың өзара сабақ қатысуын, білімгерлердің модулдік рейтингтік бақылау негізінде жүргізілген шектік, аралық және қорытынды аттестациялары бойынша оқу үлгерімі мен сапасын жақсартуды, оқу журналдарының талапқа сай толтыруын, оқу-өндірістік, технологиялық іс-тәжірибелерінің ұйымдастырылуы және сапалы өтуін қамтамасыз етуді, оқу кабинеті мен зертханалардың жабдықталуы, жатаханада тұратын білім алушылардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын, оқушылар арасында тәртіп бұзушылықтың алдын-алу мақсатында қабылданған іс-шаралардың орындауын және оқу бөлімдерінің білімгерлер контингентінің қалыптастыруда және сақтауда жүргізіліп жатқан жұмыстарды тексеру және бақылау қарастырылды.

2023-2024 оқу жылында колледжішілік бақылау жұмыстарын тиімді ұйымдастырып жүргізу мақсатында 5 педагогикалық және 6 әдістемелік кеңестер өткізілді. Өткізілеген кеңестермен мәжілістерде нақты шешімдер қабылданып анықталған кемшіліктерді жоюда тиісті іс-шаралар қабылданды.

Қорытындысы

Әулиеата өңіріндегі қоғамға пайдалы кәсіптік қызметтің негізгі бағыттары бойынша білікті, техникалық және кәсіптік қызмет көрсету мамандарын даярлайтын «Білім» кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2003 жылы құрылып, білім саласында 2006 жылдан бері 17 жыл бойы заманның талабына сай білімді де, білікті, қоғамға бейім ХХІ ғасырдың талғамы биік жастарын оқытып тәрбиелеп келеді.

«Білім» кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі 2017 жылы мемлекеттік аттестаттаудан және 2020 жылы 18-22 мамыр аралығында Аккредиттеудің Тәуелсіз Қазақстандық орталығы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында өзін-өзі бағалау үрдісін ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі нұсқаулықта көрсетілген өзін-өзі бағалау есебінің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес институционалдық және мамандандырылған аккредиттеуден, 2022 жылы 05-06 мамыр аралығында институционалдық аккредиттеуден кейінгі аккредиттеуден сәтті өтті.

«Білім» кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі ұлттық басымдықтарға сәйкес жүзеге асырылатын, колледждің мақсатын және оның даму стратегиясын айқын анықтайтын нақты тұжырымдалған миссияға ие.

Миссиясы, мақсаттары мен міндеттері Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің саясатын іске асыруды, өңірлер мен алыс елді мекендерде халыққа білім беру үрдісін дамыту контекстінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Колледждің қызметі - өзектілікке, динамизмге, бәсекеге қабілеттілікке, жаңашылдыққа, дамуға негізделген. Оқу орны мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде 7 мамандық, 7 біліктілік бойынша гуманитарлық және техникалық мамандарды даярлау қызметін жүзеге асырып келеді. Гуманитарлық және техникалық мамандықтар бойынша колледж мемлекеттік білім беру тапсырысын алу конкурстарына қатысады.

Колледждің штат кестесінде көрсетілген лауазымдарға сәйкес басшылық және педагогикалық құрамға, техникалық қызметкерлерге лауазымдық нұсқаулықтар жасалды. Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары міндеттерін, жауапкершіліктерін және біліктілік талаптарын анықтайды. (Колледж сайты bilim-taraz.rka.kz)

Мамандарды даярлау сапасының мәселелері колледж әкімшілігінің басты назарында тұр. Колледждің басшылық, әкімшілігі әрдайым мамандарды даярлаудың жаңа бағыттарын, заманауи жұмыс нысандары мен әдістерін іздеу үстінде. «Білім» кәсіби гуманитарлық - техникалық колледжі түлектерін даярлау сапасы оның кәсіби деңгейін жүйелі түрде көтеретін колледждің ғылыми-әдістемелік деңгейіне және кәсіби күзiреттiлiгiне тiкелей байланысты.

Колледж жұмысының басты бағыттарының бірі студенттердің оқытылатын мамандық бойынша түрлі жобаларға, конкурстарға қатысуы болып табылады.

Білім алушылардың әртүрлі олимпиадалар мен конкурстарға қатысуы олардың шығармашылық қабілеттерін ашуға қосымша жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Колледжде «Студент жастар одағы» өзін-өзі басқару ұйымы құрылып, жұмыс жасайды.

Білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, әлеуметтік тұрмыстық мүдделерін қорғау шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру мақсатында «Студенттік парламент» жасақталған.

Парламент құрамында дебат қозғалысы, құқық және тәртіп, ақпарат, спорт және салауатты өмір салты, өзін-өзі тану және бақыт, қайырымдылық, экология және еңбек, мәдениет және өнер фракциялары нәтижелі жұмыс атқаруда.

Бір жыл бойы оқуы бойынша үздік нәтижелер көрсетіп, елеулі ғылыми қызмет атқарған студенттер «Жыл Студенті» құрметті атағына ие болады, колледждің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын студенттер «Жыл белсендісі» номинациясын алады.

Колледждің әлеуметтік желілерінде келесі беттер жұмыс істейді: Instagram: [bilim_kqtk_kz](#), Facebook, [YouTube](#) арнасында жарияланып, «Арай» облыстық жастар газетінде жарияланып, «77 TV», «Қазақстан Тараз» телеарнасында мүдделі тараптарды жедел ақпараттандыру үшін жүйелі жұмыс жүргізеді.

Кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі көрсеткіші- оның түлектерінің талап етілуі, олардың біліктілік деңгейі, еңбек нарығының қажеттіліктеріне және жұмыс берушілердің нақты сұраныстарына сәйкестігі. Шығарылатын кадрлардың деңгейі қазіргі жұмыс беруші мен еңбек нарығының талаптарына сәйкес болуы үшін оқу орындары мен кәсіпорындар тығыз байланыста жұмыс жасайды.

Жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестердің және білім алушылардың сауалнамасы оқу үрдісін, әсіресе кәсіптік практиканы жоспарлауға көмектеседі.

Бітіруші топтарға түлектердің жұмысқа орналастыру мәселелері және еңбек нарығы бойынша әкімшілік тарапынан консультациялар беріліп, жұмысқа орналасу бойынша бос орындар жәрмеңкесі, жұмыс берушілермен және жұмыспен қамту орталығының өкілдерімен «дөңгелек үстел», мамандықтар презентациясы, семинарлар мен конференциялар т.б іс-шаралар ұйымдастырылады.


Отандық өндірістерге қажетті білікті мамандар даярлаумен айналысатын колледждің материалдық-техникалық базасы жылдан жылға заман талабына сай жаңартылып келеді. Мамандар даярлауда өндірістік оқуды дұрыс ұйымдастырудың маңызы өте зор. Бұл бағытта колледжде жақсы жабдықталған кабинеттер мен шеберханалар, оқу орнының материалдық-техникалық базасы спорт пен мәжіліс залдарын, спорт


алаңын, дәрігерлік пункт, кітапхана және Интернет желісіне қосылған тұрақты кабинеттерді қамтиды.


2024 жылдың 15-17 мамыр аралығында Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасы мен техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен өткен «WORLD SKILLS JAMBYL-2024» өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты өз мәресіне жетті. Чемпионатқа колледждің білімгерлері өз кәсібилігін көрсету мақсатында 3 құзыреттілік бойынша жүлделі орындарға ие болды.


«WorldSkills Jambyl-2024» өңірлік чемпионатына студенттердің қатысуы


р/с	Педагогтың аты-жөні	Студенттің аты-жөні	Тақырыбы	Өткен орны, күні
1	Құмарқұлова А.Ш.	Қырықбай Мақсат Абдималикұлы	«WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатында «Ақпараттық кабельдік желілер» құзіреттілігі III орын	2024 жыл, Тараз қ, Диплом
2	Рысқұлбеков Қ.Р.	Сәду Айжамал Ерланқызы	«WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатында «Графикалық дизайн» құзіреттілігі	2024 жыл, Тараз қ, Диплом
3	Сатыбалдиева Ж.К.	Мұхамбеталықызы Айгерім	«WorldSkills Jambyl-2024» облыстық чемпионатында «Кіші сыныптарды оқыту» құзіреттілігі III орын иеленген үшін	2024 жыл, Тараз қ, Диплом

Комиссия төрайымы  Ертаева Ж.А.


Комиссия мүшелері  Өмірбек Р.Ө.


 Жаксылыкова А.А.

 Ибрашева А.Р.

 Сатыбалдиева Ж.К.

 Құмарқұлова А.Ш.

 Акшалова Д.Ж.

 Акибаева А.О.